

13 ТАМЫЗ,
БЕЙСЕНБІ,
2026 ЖЫЛ
№87 (23 701)



ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

95
жыл

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Жастықтың оты
жалындап...

2-бет



Жаңғырған
кесене,
көмескі тарих

5-бет



Батыр көшесінде
кітапхана
ашылды

8-бет



• ВИЦЕ-ПРЕМЬЕРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Тозған желі толығымен жаңарады

Аймақтың коммуналдық инфрақұрылымын жаңғырту биыл бұрынғыдан бөлек сипат алды. Әсіресе, Теміртауда жылу желілерінің 70 пайыздан астамының тозуы құрыш қала тұрғындарын алаңға салғаны рас. Металлургтер мекенінде бүгінде жылу желілері толықтай алмастырылып, жөндеу көрді. Ал, Қарағандыда биыл жаңартылуы тиіс 23,6 шақырым жылу желісінің 16 шақырымы ауыстырылды. Күз таяған шақта аткарылып жатқан осы жұмыстардың қарқыны мен сапасымен өңірге жұмыс сапарымен келген Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қанат Бозымбаев танысты.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Вице-премьер облысқа сапарында өңірдің алдағы 2026-2027 жылдардағы жылыту маусымына дайындығын, 2025-2029 жылдарға арналған «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасының іске асырылу барысын бақылады.

Вице-премьердің назарында – Қарағанды мен Теміртау. Өйткені, облыстың ірі өнеркәсіптік қалаларындағы коммуналдық инфрақұрылымның тозуы көптеген жылдан бері қордаланған мәселе еді.

Жалпы, Теміртаудағы жылу құбырларының жалпы ұзындығы – 425 шақырым. Оның 70 пайыздан астамының тозғаны бұған дейін хабарланған-тын. Сондықтан, биыл қалада жылу желілерін ауқымды жаңғырту басталды.

Жоспар бойынша Теміртаудағы 200 шақырымнан астам инженерлік желі үш жыл ішінде кезең-кезеңімен жаңартылмақ. Биыл соның шамамен 50 шақырымы жөнделеді. Қаладағы орталық көшелердің бірінде ғана ұзындығы 1,6 шақырым болатын жылу магистралі ауыстырылып жатыр.



Мұндағы жұмыстың маңызы тек ескі құбырларды алмастырумен өлшенбейді. Жылу желілерін реконструкциялау кезінде олардың өткізу қабілеті мен пайдалану мерзімін арттыруға, жылу шығынын азайтуға басымдық берілуде.

Сонымен қатар, су құбыры мен су бұру жүйелері, электр желілері мен қосалқы станциялар да кезең-кезеңімен жаңар-

тылуы тиіс. Яғни, ұзақ жылдар бойы жинақталған инфрақұрылымдық проблемаларды бір мезгілде бірнеше бағыт бойынша шешу көзделген.

Облыс орталығында да күзгі-қысқы кезеңге дайындық – қызу. Қазір жоспарланған 23,6 шақырым жылу желісінің 16 шақырымы жаңартылған.

Одан бөлек, электрмен жабдықтау жүйе-

сінде әуе және кабель желілері, қосалқы станциялар мен тарату пункттері жөнде-луде. Жоспарланған жұмыстар жылыту маусымы басталғанға дейін аяқталуы тиіс.

Қаладағы тұрғын үй қорының дайындығы да жеке бақылауда. 2500-ден астам нысанның 75 пайызы дайындық актісін алған. Күрделі жөндеуді қажет ететін 115 үйдегі жұмыстар 15 қыркүйекке дейін

аяқталуы керек.

2025-2029 жылдарға арналған «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы коммуналдық инфрақұрылымды жүйелі түрде жаңартуды көздейді. Оның аясында жылумен, сумен және электрмен жабдықтау жүйелерінің тозуын төмендету, апат санын азайту және коммуналдық қызметтердің тұрақтылығын арттыру міндеті тұр.

Облыста мұның маңызы ерекше. Өңірдегі көптеген инженерлік желілер ұзақ жылдар бойы пайдаланылып келеді. Әсіресе, өнеркәсіптік қалаларда құбырлардың тозуы жылу мен судың жоғалуына ғана емес, апатқа алып келеді.

Сондықтан, жұмыстардың нәтижесі бірнеше жылдан кейін анық көрініс береді.

Жұмыс сапары кезінде Қанат Бозымбаев Теміртау мен Қарағандыдағы бірқатар инфрақұрылымдық нысанды аралап, жөндеу және реконструкциялау жұмыстарымен танысты.

Нысандарда жылу магистральдарын, су құбырларын және су бұру жүйелерін жаңғырту, электр желілері мен қосалқы станцияларды реконструкциялау жұмыстары көрсетілді.

Қарағандының климаты жағдайында инженерлік желілердегі негізгі жұмыстарды жылыту маусымы басталғанға дейін бітіру – коммуналдық кәсіпорындар мен мердігерлерге қойылатын басты талап.

Бұған дейін өңірдегі энергетикалық нысандардың дайындығын Энергетика министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитеті де тексерген болатын. Тексеру барысында жөндеу кестесін сақтау, қажетті отын қорын жинақтау және желілердегі жұмыстарды жылыту маусымына дейін аяқтау қажеттігі айтылды.

(Вице-премьердің сапары жөнінде толығырақ газеттің алдағы санында жарияланады)

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

Қауіпсіздік тәртіптен басталады

Қала қауіпсіздігі көшедегі тыныштықпен ғана өлшенбейді. Ол жүргізушінің жол ережесін сақтауынан, баланың жаяу жүргіншілер өткелінен алаңсыз өтуінен, ауланың тазалығынан, қоғамдық орында қалыптасқан тәртіптен көрінеді. Сондықтан, «Заң мен тәртіп» қағидаты күнделікті өмірден басталады деуге толықтай негіз бар. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та заң мен тәртіпті әділетті қоғамның негізгі өлшемдерінің бірі ретінде атап, азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыруға айрықша мән беріп келеді.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жолдағы тәртіп –
қатаң қағида

Қалалық полиция басқармасы Әкімшілік полиция бөлімінің Жол-техникалық инспекциясы



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

• БІЛІМ

Алғашқы қоңырауға аз қалды

Жаңа оқу жылында еліміз бойынша 380 мыңнан астам балдырған бірінші сыныпқа қабылданады. Қазірдің өзінде олардың 320 мыңға жуығы құжат тапсырған.

Болашақ бірінші сынып оқушыларының 71 пайыздан астамы қазақ тілінде білім беретін сыныптарды таңдаған. Балаларды бірінші сыныпқа қабылдау 31 тамызға дейін жалғасады. Құжаттарды eGov.kz порталы, eGov Mobile қосымшасы арқылы немесе таңдаған мектепке тікелей барып тапсыруға болады.

Бірінші сыныпқа қабылданатын бала саны Түркістан облысында – 50 мыңнан астам. Одан кейін Алматы облысы, Астана, Алматы және Шымкент қалаларында көп. Ал, Қарағанды облысында шамамен 12 мыңға жуық өтініш түскен.

Өз тілшімізден

➤ 3-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

• EUR/KZT 537.23

• USD/KZT 465.74

• RUB/KZT 5.62

• CNY/KZT 69.05

Қазақстан Ұлттық Банкінің
12 тамыз, 2026 жылғы дерекі бойынша

• ЖАСТАР САЯСАТЫ

Жастықтың оты жалындап...

Жастықтың өзіне ғана тән бір қуаты бар. Ол – ба-тыл қадам, биік арман, еш-кім байқамаған мүмкіндік-ті көре білетін сергектік. Қоғамның қай саласына көз салсақ та, жаңалыққа жаны құмар, өзгеріске ұмтылған жастардың ізін көреміз. 12 тамыз – Халықаралық жастар күні – ел болашағы-на жауапты буынның мере-кесі.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жиында Қарағандының 2028 жылы ТМД-ның Жастар астанасы атануы өңір үшін үлкен мүмкіндік екені айтылды. Бұл мәртебе қалаға халықаралық деңгейде танылуға ғана емес, жастарға арналған жаңа жобалар мен инфрақұрылымды дамытуға да жол ашпақ.

– Бүгін біз жастармен бірге жұмыс істеп, алдағы жоспарларды талқылау үшін бас қосып отырмыз. Былтыр «Талдау» алаңында, сондай-ақ, жастар са-ясаты жөніндегі кеңес отырыста-рында өңір жастарының дамуы мен өзін-өзі жүзеге асыруына қажетті жағдай қалыптастыру мәселесін бірнеше рет көтердік. Сонда Қарағандыны халықара-лық аренада танытатын ауқымды жоба қажет деген тоқтамға кел-дік. Қарағандыға мұндай мәр-тебе берілетініне күмән келтір-гендер де болды. Алайда, ТМД Атқару комитеті Қарағандыны 2028 жылғы Жастар астанасы деп жариялау туралы шешім қа-былдағанда, біз де ерекше қуа-нышқа бөлендік. Қазақстаннан Қарағандымен қатар бірнеше қала өз кандидатурасын ұсынған еді. Бірлескен жұмыстың нәти-жесінде қаламыздың бұл мәрте-беге лайық екенін дәлелдей ал-дық. Алдымызда 2028 жыл тұр. Уақытты тиімді пайдаланып, бұл жылды қалай өткізетінімізді, қандай жобалар мен іс-шаралар ұйымдастыратынымызды бүгін-нен бастап, бірге жоспарлауы-мыз қажет, – деді облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей.

2028 жылы Қарағандыға ТМД елдерінен және шетелден көптеген қолақ келеді деп күтілуде. Халықа-ралық шараларды ұйымдастыру-дың жаңа үлгісін қалыптастыру



көзделуде. Екінші маңызды мәсе-ле – инфрақұрылым. «Талдау» алаңында жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне, шығармашылық және кәсіби әлеуетін ашуына мүмкіндік беретін рекреациялық әрі мәдени кеңістіктердің қажет-тігі туралы да айтылды. Әкімдік тарапынан бұл бағытта бірқатар жұмыс қолға алынған. Соның бірі – жаңа Жастар үйінің жобасы.

Жаңа Жастар үйінің жобасы да осы жиында таныстырылды. Бұрынғы Ленин кинотеатры-ның ғимаратында орналасатын кеңістік жастардың білім алуына, шығармашылықпен айналысуы-на, кәсіби дағдыларын дамытуы-на және өз жобаларын жүзеге асыруына мүмкіндік беретін көп-функционалды орталық ретінде жоспарланып отыр.

Болашақ жастар кеңістігінің тұжырымдамасын Алматы қаласы мәслихатының депутаты, урбани-стиканы дамытуға бағытталған «Урботека» қоғамдық қорының құрылтайшысы Кристина Бекмур-заева таныстырды.

– Біздің Қазақстанның көп-теген өңірінде жүзеге асырылған жобаларымыз бар. Енді Қараған-дыда да осындай жобаны қолға алғанымызға қуаныштымыз. Бұл жұмыста жергілікті әкімдікпен бірлескен ықпалдастықтың маңы-зы зор болды. Тұжырымдаманы әзірлеу барысында ең алдымен ғи-мараттың тарихи келбетін сақта-



уға басымдық берілген. Жаңғы-ртудан кейін бұрынғы кинотеатр тек бір бағыттағы нысан болып қалмайды. Мұнда түрлі формат-тағы шараларды өткізуге арналған көпфункционалды кеңістік қалып-тастыру көзделген. Соның ішін-де бір кинозал сақталады. Жаңа Жастар үйінде заманауи техноло-гияларға да орын берілімек. Тұжы-рымдамада жасанды интеллект бағытындағы арнайы AI-аймақ құру көзделген. Жобаны әзірлеу кезінде ғимараттың жай-күйі ғана емес, қаланың ерекшелігі, тұрғын-дардың сұранысы мен жастардың қажеттілігі де ескерілді, – деді Кристина Бекмурзаева.

Жастар үйінің тұжырымда-масы таныстырылғаннан кейін шара қатысушылары 2028 жылғы Жастар астанасы аясында атқары-латын жұмыстарды талқылады. Жиында болашақ Жол картасына енгізілетін ұсыныстар да жастар-дың назарына ұсынылды.

Жастардың әлеуетін қолдау нақты жобалар арқылы да көрініс тапты. Шара барысында «Тәу-елсіздік ұрпақтары» грантының 2026 жылғы иегерлері марапат-талды. Жеңімпаздардың әрқай-сысына 2 млн теңгеден қаржылай қолдау көрсетілді. Бұл қаражат жас азаматтарға өз идеясын іске асырып, қоғамға пайдалы жоба-

ларын дамытуға мүмкіндік береді. Солардың бірі – Балқаш қаласын-да балаларға би үйретуге бағыт-талған «Қимылда» жобасы. Жоба авторы балалардың бос уақытын тиімді өткізу, олардың қозғалыс белсенділігін арттыру және сала-уатты өмір салтын қалыптастыру-ды көздейді.

– Менің жобамның атауы – «Қимылда». Балқаш қаласында балаларға би үйретемін. Жобаның негізгі мақсаты – балалардың ден-саулығын нығайтып, бос уақы-тын тиімді өткізуіне мүмкіндік жасау. Қазіргі таңда балалардың көп уақыты телефонға, түрлі гад-жеттерге кетіп жатады. Олардың қозғалысын арттырып, белсенді өмір салтына баулу маңызды деп ойлаймын. Би арқылы балалардың денсаулығын жақсартып қана қой-май, бос уақытын пайдалы әрі қы-зықты өткізуіне жағдай жасағым келеді, – деді жоба авторы.

Жалпы, шараның мазмұнына үнілсек, Қарағанды жастары тек мерекелік шараның көрермені емес, өңірдің болашағына қаты-сты шешімдер мен бастамалардың белсенді қатысушысы ретінде қар-астырылды. 2028 жылғы ТМД Жастар астанасы мәртебесі де осы жауапкершілікті еселей түседі. Ал, жаңа Жастар үйі, гранттық қолдау, жастардың ұсынысын ескеретін жол картасы сол үлкен мақсатқа бастайтын бастама.

Жастардың мұндай бастама-лары өңірдегі жастар саясатының тек шаралар өткізумен шектелмей-тінін көрсетеді. Басты назар – жас азаматтың өз идеясын жүзеге асы-руына, кәсіби тұрғыда дамуына және қоғам өміріне белсенді ара-ласуына мүмкіндік беруге бағыт-талған. Осы ретте гранттар мен жаңа жастар кеңістіктері жастар-дың әлеуетін нақты іске айнал-дыратын маңызды құрал болмақ.

Алдағы уақытта Қарағандыда жастардың пікірін ескеретін жо-балар мен бастамалар саны арта түспек. 2028 жылғы мәртебеге дайындық барысында өңір жаста-рының ұсыныстары жинақталып, олар Жол картасына енгізілімек. Бұл өз кезегінде жастардың өз қа-ласының дамуына сырттай бақы-лаушы емес, өзгерістердің баста-машысы ретінде қатысуына жол ашады.

Суреттерді түсірген
Владислав ВОЛКОВ

ХАБАРЛАМА Қарағанды қаласының учаскелік сайлау комиссияларының құрамындағы өзгерістер туралы

Учаскелік сайлау комис-сиясы № 42 КММ «Әл-Фара-би атындағы мектеп-гимна-зия», Шахтеров даңғылы, 66
Амантаева Нурина Меде-товна – комиссия мүшесі

Учаскелік сайлау комис-сиясы № 124 КММ «№11 жал-пы орта білім беретін мек-теп», Ишимская көшесі, 76а
Жиенкулов Мурат Сапаржа-нович – комиссия мүшесі

Учаскелік сайлау ко-миссиясы № 128 РММ «Қа-зақстан Республикасы Төтен-ше жағдайлар министрлігінің Мартбек Мамраев атындағы 52859 әскери бөлімі», Зелин-ский көшесі, 34/2
Газиз Тахир Русланұлы – комиссия мүшесі

Қарағанды қаласының аумақтық сайлау комиссиясы

• РЕСМИ

Әдеп талабы күшейеді

Ашық нормативтік-құқықтық актілер пор-талында Психологтардың әдеп кодексінің жобасы жарияланды.

Құжат «Психологиялық қызмет туралы» заң талаптарына сәйкес әзірленген. Кодекс жоба-сы Психологтардың мемлекеттік тізілімінде тіркелген және пси-хологиялық қызмет көрсететін барлық маман үшін міндетті кәсіби-этикалық нормаларды белгілейді.

Атап айтқанда, құжатта кәсі-би құзыреттілік, құпиялылық пен кәсіби құпияны сақтау, қызмет алушыдан ақпараттандырылған келісім алу, сондай-ақ, психо-логтың өз өкілеттіктерін асыра пайдалануына жол бермеу қағи-даттары қамтылған.

Кодекс жобасы 25 тамыз-ға дейін қоғамдық талқылауға шығарылды.

Өз тілшімізден

Берекелі ауылдың бәсі биік

Облыс аумағында ауыл шаруашылығы саласын дамытуға бағытталған жұмыстар жаңа серпін алып келеді. Аймақта мал шаруашылығының тұрақты өсімі сақталып, өндіріс көлемі ұлғайып, инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда. Сонымен қатар, ауыл тұрғындарының кәсіп бастауына және табысын арттыруына мүмкіндік беретін мемлекеттік қолдау шаралары кеңінен қолданылып келеді.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл бағыт – Мемлекет бас-шысының ауыл шаруашылығын дамыту, отандық өндірісті кү-шейту, ауылдық аумақтардың әлеуетін арттыру және халықтың әл-ауқатын жақсарту жөніндегі тапсырмаларымен сабақтас. Ба-сты мақсат – ауыл шаруашылығы өндірісінің көлемін арттыра оты-рып, оның тиімділігін көтеріп, өнім сапасын жақсарту және ауыл тұрғындары үшін тұрақты табыс көздерін қалыптастыру.

Облыстың мал шару-ашылығында жыл басынан бері оң динамика қалыптасқан. Бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша өңірде ет өндірісі – 2%, сүт өндірісі – 5,5%, жұмыртқа өн-дірісі 2%-ға артқан.

Мал басының өсімі де бай-қалады. Атап айтқанда, ірі қара саны – 0,3%, жылқы саны 6,7%-ға көбейген.

Бұл көрсеткіштер ауыл шару-ашылығы тауарын өндірушілердің өндіріс көлемін арттырып, шару-ашылықтардың тұрақты жұмыс істеуге бейімделіп келе жатқанын көрсетеді.

Облыстың ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқар-масы басшысының орынбасары Сырым Бошпановтың айтуынша, қазіргі міндет – қол жеткізілген өсімді сақтап қана қоймай, сала-

ның сапалық көрсеткіштерін арт-тыру.

– Бүгінде мал шаруашылығы-ның тұрақты даму қарқынын сақтап отырғанын көріп отырмыз. Ет, сүт және жұмыртқа өндірісінің көлемі артып, мал басы көбейіп келеді. Бұл ретте біздің міндетіміз – сандық көрсеткіштерді жай ғана ұлғайту емес, өнімділік пен сапа-ны арттыру, асыл тұқымды базаны нығайту және өндіріс үшін заманауи жағдай жасау, – деді Сырым Бошпанов.

Саладағы тұрақты өсімді қамтамасыз етуде асыл тұқым-ды мал шаруашылығын дамыту маңызды орын алады.

Қазір облыста асыл тұқымды репродукторлар мен тауарлы-сүт фермаларын құру, өндірістік қу-аттарды жаңғырту және бұрыннан жұмыс істеп тұрған нысандарды қалпына келтіру бойынша бірқа-тар жобалар жүзеге асырылуда.

Мұндай жобалар мал шару-ашылығының өнімділігін артты-руға, өндірістің технологиялық деңгейін көтеруге және сапалы өнім көлемін көбейтуге бағыт-талған.

Асыл тұқымды базаның ныға-юы – саланың ұзақмерзімді дамуы үшін маңызды фактор. Себебі, мал шаруашылығы саласы өнімділі-гінің артуы шаруашылықтардың экономикалық тиімділігін кө-теріп, өңірдің агроөнеркәсіптік кешенінің бәсекеге қабілеттілігін күшейтеді.



Одан бөлек, облыстың агроө-неркәсіптік кешеніне инвестиция тарту мәселесі де ерекше назарда. Быыл аймақтың ауыл шару-ашылығы саласына жалпы сомасы 113 млрд теңгеден астам инве-стиция тарту жоспарланған. Бұл қаражат есебінен 42 жобаны іске асыру көзделуде.

Жобалардың нәтижесінде 450-ден астам жаңа жұмыс орны ашы-лады деген болжам жасалып отыр.

Инвестицияның артуы ауыл шаруашылығы өндірісін кеңейту-ге, ауылдық жерлердегі жұмыспен қамту мәселесін шешуге де ықпал етеді. Жаңа өндірістердің іске қосылуы жергілікті тұрғындарға тұрақты жұмыс орындарын ұсы-нып, ауыл экономикасының жандануына жол ашады.

Бұл ретте мемлекеттік қол-дау тетіктері ірі кәсіпорындармен ғана шектелмейді. Ауыл шару-

ашылығы тауарын өндірушілер үшін шығындарды субсидиялау қарастырылған.

Яғни, мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау шаруалардың өндірістік шығындарын азайтып, шаруашылықтарды дамытуға, техника мен өндірістік қуатты жанартуға және жаңа жобаларды жүзеге асыруға қосымша мүмкін-дік береді.

Ауыл шаруашылығын дамыту ауыл тұрғындарының тұрмыс са-пасын жақсартумен тікелей байла-нысты екенін айта кету керек.

Осы ретте «Ауыл аманаты» бағдарламасы ауылдық жер-лердегі кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған негізгі құралдардың бірі ретінде қолданылып келеді. Бағдарлама аясында облыста қазірдің өзінде 83 жеңілдетілген несие беріліп, 97 жаңа жұмыс орны ашылған.

Жеңілдетілген несие ауыл тұрғындарына өз ісін бастауға нақты мүмкіндік береді. Мәсе-лен, тұрғындар несие қаражатына мал сатып алып, шаруашылығын кеңейте алады. Сонымен бірге шағын өндіріс ашып, жаңа кәсіпті жолға қоюға немесе жұмыс істеп тұрған бизнестің ауқымын ұлғай-туға мүмкіндік бар.

Мұндай бастамалардың маңы-зы зор. Себебі, ауылдағы әр жаңа кәсіп – отбасының табыс көзі және жаңа жұмыс орны мен жер-гілікті экономиканың дамуына қосылатын үлес.

Мемлекеттік саясаттың түпкі мақсаты – өндіріс көрсеткіштерін арттырумен қатар, халықтың әл-ауқатын жақсарту. Облыста ауыл шаруашылығына инвести-ция тарту, өндіріс орындарын жаңғырту, асыл тұқымды мал ша-руашылығын дамыту және ауыл



ПРЕЗИДЕНТ
ТАПСЫРМАСЫН
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

тұрғындарына жеңілдетілген несие беру осы мақсатқа бағыт-талған.

Бірінші жартыжылдықтағы ет, сүт және жұмыртқа өндірісінің өсімі, мал басының артуы, инве-стициялық жобалардың көбеюі атқарылып жатқан жұмыстар-дың оң нәтижесін көрсетеді. Ал, алдағы кезеңде басты назар өнімділік пен сапаны арттыруға, заманауи технологияларды ен-гізуге, өндірістің артраптандыруға және ауыл тұрғындарының кәсіп-керлік бастамаларын қолдауға ау-дарылмақ.

Мемлекет басшысының тапсырмалары аясында ауыл шаруашылығын жүйелі дамы-ту – азықтүлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің, жаңа жұмыс орындарын құрудың және ауыл халқының табысын арттырудың маңызды тетігі.

Аймақта қалыптасқан оң ди-намика осы бағыттағы жұмы-стардың жүйелі түрде жалғасып келе жатқанын көрсетеді. Ең ба-стысы – бүгінгі өндірістік өсімді ұзақмерзімді нәтижеге айналды-рып, ауыл шаруашылығын өңір экономикасының тұрақты әрі та-бысты секторларының біріне ай-налдыру.

Сурет облыс әкімдігінің
сайтынан

• ПІКІР

Қоғамның ортақ мүддесі

Мен алдағы Құрылтай депутаттарының бірінші сайлауына ерекше мән беремін. Бұл – қоғамдағы әр азаматтың үні естіліп, түрлі көзқарас пен өмірлік тәжірибе ескерілетін маңызды саяси қадам.

Бүгінде қолжетімді орта қалыптастыру, инклюзивті білім беру, жұмыспен қамту, сапалы медициналық қызмет, әлеуметтік қорғау және қоғамдық өмірге кедергісіз қатысу мәселелері тек белгілі бір топтың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ мүддесіне айналуы тиіс. Сондықтан, бұл бағыттар мемлекеттік саясаттың басым бөлігі ретінде қарастырылғаны маңызды.

Жаңа құрамдағы Құрылтай мемлекет пен қоғам арасындағы ашық әрі сындарлы диалогтың тиімді алаңына айналып, қабылданатын шешімдер инклюзивті Қазақстанды дамытуға нақты серпін береді деп сенемін. Әсіресе, мүмкіндігі шектеулі азаматтардың құқықтары мен мүдделеріне қатысты мәселелер талқыланғанда, БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясында бекітілген «Біз туралы – бізсіз ештеңе емес» қағидаты басшылыққа алынуы қажет.

Құрылтай құрамына белсенді, білікті әрі қоғам мүддесін жоғары қоятын азаматтардың келуі барлық қазақстандықтың мүддесіне сай әділ әрі салмақты шешімдердің қабылдануына ықпал етеді.

Нияз СҮНДЕТАЛИЕВ,
Қарағанды облысы әкімінің мүгедектік мәселелері жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі,
Қарағанды қалалық мәслихатының депутаты,
«Qamqor plus» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің төрағасы.

Дархан МАЛДЫБАЕВ:

«Сайлаушының тандауы заңмен қорғалады»

Сайлаушының құқығын қорғау – әділ әрі ашық сайлаудың негізгі кепілі. Қазақстан заңнамасында азаматтардың еркін тандауын қамтамасыз ететін жалпыға бірдей, тең және тікелей сайлау құқығы, жасырын дауыс беру, сайлау процесінің ашықтығы мен қоғамдық бақылау тетіктері қарастырылған. Бүгінде цифрлық технологиялар да сайлаушылардың ақпаратқа қолжетімділігін арттырып, өз деректерін тексеруге қосымша мүмкіндік беріп отыр. Ал, құқық бұзылған жағдайда азаматтың сайлау комиссияларына немесе сотқа жүгінуіне заңды негіз бар. Осы ретте сайлаушылардың құқықтарын қорғау тетіктері, байқаушылардың ролі және құқықтық сауаттылықты арттыру мәселелері жөнінде білу үшін Қарағанды қаласы сайлау комиссиясының төрағасы Дархан Малдыбаевты әңгімеге тарттық.

– Дархан Дүйсебайұлы, азаматтардың сайлау процесіндегі құқықтары қандай жолдармен қамтамасыз етіледі?

– Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңына сәйкес, азаматтардың сайлау процесіндегі құқықтары мынадай жолдармен қамтамасыз етіледі.

Жалпыға бірдей сайлау құқығы – Қазақстан Республикасының 18 жасқа толған әрбір азаматының сайлауға қатысуға және заңда белгіленген талаптарға сәйкес сайлануға құқығы бар. Тең сайлау құқығы және тікелей дауыс беру – азаматтар кандидаттарға немесе саяси партияларға тікелей дауыс береді.

Жасырын дауыс беру арқылы азаматтардың өз еркін білдіру құпиялылығы қамтамасыз етіледі, бұл сайлаушының қалай дауыс бергенін бақылауға жол бермейді.

Сайлаудың жариялылығы мен ашықтығы – сайлау комиссияларының қызметі ашық жүзеге асырылады. Сайлауға байқаушылар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері және кандидаттардың сенім білдірілген адамдары қатыса алады, бұл заңдылықтың сақталуына ықпал етеді.

– Тәуелсіз байқаушылардың қатысуы сайлаудың әділдігіне және сайлаушылардың құқықтарының сақталуына қандай әсер етеді?

– Байқаушылардың сайлау комиссияларының отырыстарына

қатысуға, дауыс беруді, дауыстарды санауды және хаттамаларды беруді бақылауға, хаттамалармен танысуға және олардың куәландырылған көшірмелерін алуға, сондай-ақ, сайлау комиссияларының шешімдері мен әрекеттеріне шағым жасауға құқығы бар. Сонымен қатар, олар заң талаптарына сәктай отырып, фото, аудио

– Байқаушылардың сайлау комиссияларының отырыстарына қатысуға, дауыс беруді, дауыстарды санауды және хаттамаларды беруді бақылауға, хаттамалармен танысуға және олардың куәландырылған көшірмелерін алуға, сондай-ақ, сайлау комиссияларының шешімдері мен әрекеттеріне шағым жасауға құқығы бар. Сонымен қатар, олар заң талаптарын сақтай отырып, фото, аудио және бейнежазба арқылы заң бұзушылықтарды тіркей алады.

және бейнежазба арқылы заң бұзушылықтарды тіркей алады.

Тәуелсіз байқаушылардың қатысуы дауыс беру және дауыстарды санау рәсімдерінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

– Цифрлық технологиялар мен электрондық қызметтер сайлаушылардың құқықтарын қорғауды күшейте ала ма? Олардың қандай артықшылықтары мен тәуекелдері бар?

– Иә, цифрлық технологиялар мен электрондық мемлекеттік



Сонымен бірге, белгілі бір тәуекелдер де бар. Мысалы, барлық азаматтардың интернетке және электрондық қызметтерге бірдей қолжетімділігі болмауы мүмкін.

– Халықаралық сайлау стандарттары мен тәжірибесі Қазақстандағы сайлаушылардың құқықтарын қорғау жүйесіне қалай әсер етеді?

– Қазақстан сайлау заңнамасын жетілдіру барысында демократиялық сайлауды өткізудің жалпыға танылған халықаралық стандарттарын ескереді. Олар халықаралық құжаттарда бекітілген жалпыға бірдей, тең және тікелей сайлау құқығы, сондай-ақ, жасырын дауыс беру қағидаттарына негізделеді.

– Сайлаушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру үшін мемлекет пен азаматтық қоғам қандай шараларды күшейтуі қажет деп ойлайсыз?

– Сайлаушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру үшін мемлекет пен азаматтық қоғам институттарына мынадай шараларды

жүзеге асыру орынды.

Сайлаушылардың құқықтары мен міндеттері туралы тұрақты ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу, мектептерде, колледждерде және жоғары оқу орындарында құқықтық білім беру бағдарламаларының ауқымын кеңейту, сайлау туралы ресми ақпараттың мемлекеттік интернет-ресурстар мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қолжетімділігін қамтамасыз ету, сайлау құқығы мәселелері бойынша қоғамдық семинарлар, дәрістер және консультациялар ұйымдастыру. Бұл шаралар азаматтардың сайлауға белсенді қатысуына ықпал етеді.

– Егер сайлау қорытындыларына күмән туындаса, сайлаушының өз құқықтарын қорғаудың заңды мүмкіндіктері туралы мәселе көтерер ме едіңіз?

– Иә. Қазақстан Республикасының заңнамасы азаматтардың сайлау құқықтарын қорғаудың заңды тәсілдерін қарастырады. Сайлаушы тиісті сайлау комиссиясына өтініштер мен шағымдар беруге, бұзылған сайлау құқықтарын қорғау үшін сотқа жүгінуге, өз шағымының қаралуы туралы ақпаратты заңда белгіленген тәртіппен алуға құқылы.

Барлық өтініш Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдер мен тәртіпке сәйкес қаралады.

– Сіздің ойыңызша, сайлаушылардың құқықтарын қорғау жүйесін жетілдіру үшін қандай заңнамалық немесе институционалдық өзгерістер қажет?

– Қазіргі уақытта қолданыстағы заңнамада сайлаушылардың құқықтарын қорғаудың барлық негізгі тетіктері қарастырылған.

– Уақыт тауып, тұшымды әңгіме өрбіткеніңіз үшін көп рахмет.

Сұхбаттасқан
Жәлел ШАЛҚАР
«Ortalyq Qazaqstan»

Қауіпсіздік тәртіптен басталады

(Соңы. Басы 1-бетте).

Қаланың бірқатар көшесі бүгінгідей қалың көлік ағынына есептелмеген. Сондықтан, жекелеген учаскелердегі өткізу мүмкіндігі азайып, кептеліс пен қауіпті жағдай көбейеді. Жол қозғалысы қауіпсіздігі құқық бұзушылықты анықтаумен шектелмейді. Апаттық учаскелерді анықтап, олардың себептерін жою, қозғалысты ұйымдастыруды жетілдіру және жол инфрақұрылымын өзгерту де маңызды, – дейді Маурат Уахитов.

Муның бір мысалы – Тәттімбет көшесі мен Шахтерлер даңғылының қиылысы. Бұрын мұнда көліктердің маневр жасауы кезінде жол апаттары жиі тіркелген. Биыл қиылыс кеңейтіліп, қосымша қозғалыс жолақтары мен оңға бұрылатын арнайы жолдар салынды. Соның нәтижесінде көлік қозғалысы реттеліп, апат қаупін туғызатын бірқатар қақтығыс нүктесі жойылды.

Осындай онды шешім Университет көшесі мен Шахтерлер даңғылы қиылысына да қарастырылыпты. Қазіргі уақытта оны кеңейтіп, оңға бұрылатын жобалар әзірленуде. Жобаны 2026-2028 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама аясында бюджет мүмкіндігіне қарай іске асыру көзделген.

Жалпы, полицияның Жол-техникалық инспекциясы жергілікті атқарушы органдармен бірге қаладағы 234 бағдаршам нысаны мен 13 мыңнан астам жол белгісінің жағдайын бақылайды. Жол таңбаларын жаңарту мен жол жабындысындағы ақауларды жою жұмыстары да назарда.

Қаланың бірқатар магистралдық және екінші дәрежелі көшелерінде ағымдағы және орташа жөндеу жүргізілді. Тәттімбет-Мұқанов және Республика-Мұқанов қиылыстарын қайта жаңарту кезінде жол жабындысымен бірге велосипед жолақтары да қарастырылған.

Өткен жылы жол қауіпсіздігін күшейту мақсатында қалада 800 жол белгісі орнатылып немесе ауыстырылып, 32 бағдаршам нысаны іске қосылды, 140 мың шаршы метр жол таңбасы жаңартыл-

ды. Оның ішінде, 19 бағдаршам реттелмейтін жаяу жүргіншілер өткелдері мен мектептердің маңына қойылды.

Сонымен бірге, «ақылды бағдаршамдар» енгізіліп, бірқатар көше мен қиылыста қозғалысты жеңілдететін қосымша жолақтар мен оңға бұрылатын салынды. Саран тасжолының қауіпті учаскелерінде жол жиегі нығайтылды.

Жаңа мүмкіндік, жаңа технология

Қазір қалада жол ережесін бұзуды автоматты түрде тіркейтін 62 «Megacam Limit S» және 12 «ARGUS Пешеход» кешені жұмыс істейді.

Биыл олардың бір бөлігі жол жағдайы тұрақтанған орындардан апат қаупі жоғары учаскелерге ауыстырылған. «ARGUS Пешеход» кешендері де жаяу жүргіншілер көп жүретін және қауіп жоғары аумақтарда. Жауынгер-интернационалистер көшесінде, қалалық саябақтың кіреберісінде интеллектуалды жаяу жүргіншілер кешені іске қосылды. Ол адамның тұлғасын тануға, іздеудегі азаматтар базасымен салыстыруға, бағдаршамның қызыл сигналына өту деректерін тіркеуге және тиісті қызметтерге хабар беруге мүмкіндік береді.

Майқұдықтағы К.Маркс көшесіндегі «Фелида» дүкені маңында да жаяу жүргіншілер қауіпсіздігі үшін қоршау орнатылды. Бұған дейін бұл аумақта, оның ішінде, адам өліміне әкелген жаяу жүргіншіні қағу деректері тіркелген. Қоршау қойылғаннан кейін учаскедегі жағдай тұрақтанған.

Дегенмен, инфрақұрылым мен камера жолдағы жауапкершіліктің орнын баспайды. Алғашқы жартыжылдықта Қарағанды патрульдік полициясы 45 мыңнан астам әкімшілік құқық бұзушылық анықтап, 2 мыңға жуық көлікті арнайы тұраққа тоғытты. Масаң күйде көлік басқаруға байланысты 300-ге жуық құқық бұзушылық тіркелсе, жаяу жүргіншілер мен өзге де жол қозғалысына қатысушылар тарапынан апаттық жағдай туғызған 900-ден астам дерек анықталған.



Тазалыққа бақылау күшті

Биыл осы бағытта 150-ден астам рейд ұйымдастырылған. Нәтижесінде 9 мыңнан астам азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Белгіленбеген жерге коқыс тастау, аумақтарды абаттандыру талабын бұзу және қалдықтарды жинау тәртібін сақтамауға қатысты 400-ден астам құқық бұзушылық анықталған. Жалпы, 10 мыңнан астам әкімшілік хаттама толтырылған.

Санитарлық талаптарды орындамағандарға 100-ден астам ұсыныс енгізіліп, коммуналдық айып тұрағына 40-қа жуық ауыр жүк көлігі қойылған.

– Қоғамдық тәртіп пен тазалықты қамтамасыз ету тек рейд жүргізіп, хаттама толтырумен шектелмейді. Аза-

маттарға талаптарды түсіндіру, құқық бұзушылықтың алдын алу және тұрғындардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру – біздің жұмысымыздың маңызды бөлігі. Біздің учаскелік инспекторлар жеке сектор тұрғындарымен және кәсіпкерлермен кездесіп, аумақтарды санитарлық жағдайда ұстау талаптарын түсіндіреді. Бұл жұмыс жергілікті атқарушы органдар, коммуналдық қызметтер және жұртшылықпен бірлесіп атқарылады, – дейді қалалық полиция басқармасының қоғамдық қауіпсіздік бөлімінің бастығы, полиция майоры Жалғас Тұрсынов.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Жолаушыға жайлы жағдай

Еліміздің халықаралық және республикалық маңызы бар автожолдар бойында қызмет көрсету инфрақұрылымының аясы кеңейіп келеді. Қазір ел жолдарында оның 1429-ы жұмыс істесе, 1340-ы ұлттық стандарт талабына сай.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жүргізушілерге арналған бұл нысандардың қатарында жанармай құю бекеттері, тамақтану орындары, санитарлық тораптар мен демалыс орындары бар.

Жол бойындағы санитарлық жағдай да басты назарда. Қазір автожолдарда 170-тен астам модульдік санитарлық-гигиеналық торап орнатылған. Бұдан бөлек, демалыс алаңдары мен аялдама павильондарында 900-ден астам тегін санитарлық нысан тәулік бойы қызмет көрсетеді.

Электромобиль нелері үшін халықаралық және республикалық тасжолдарда 67 электр қуаттау станциясы жұмыс істейді. Алдағы уақытта олардың саны көбейіп, жол бойындағы жанармай бекеттері, тамақтану және санитарлық нысандар желісі де кеңейтілмек.

Инфрақұрылымның дамуы жолдағы жайлылық пен қауіпсіздікті арттырып, ұзақ сапарды жеңілдетуге ықпал етеді.

Жомарт жүректің жоралғысы

Арқа атырабында жеке кәсіпкер Ардақ Жүнісовті білмейтін адам кемде-кем шығар. Оның осы адал еңбегінен тапқан табысын сұңқардай шашып жейтін Атымтай жомарттығы бүгінде аңызға айналуда.



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Осыдан елу бес жыл бұрын Бұқар жырау ауданының Ботакара кентінде Қайрат пен Шағиданың қарапайым отбасындағы 12 баланың сегізіншісі болып дүниеге келген оның өмірбаяны да елден ерек емес. Өзі құралпы балалармен бірге осындағы Гагарин атындағы орта мектепті бітірген ол 1995-2000 жылдары Қарағанды мемлекеттік университетінің заң және экономика факультеттерін сырттай оқып тауысып, одан кейін Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясын тәмамдаған.

Алған осы мамандықтары бойынша әр салада еңбек етіп, біраз тәжірибе жинақтаған Ардақ 2016 жылдың күзінде банктен ірі мөлшерде несие алып, «Алина KZ» ЖШС-ін құрып, кәсіпкерлік жолындағы алғашқы қадамын бастайды. Соның арқасында аз жылдардың ішінде бизнесін берекелендіріп, Қарағанды қаласында «Камила», «Жанса» мейрамханаларын, туған жері Ботакара кентінде «777» және

«Жібек жолы» дүкендерін ашады. Мұның сыртында 270 гектар жерге арпа, бидай тұқымдарын егіп, жыл сайын одан тәп-тәуір өнім жинап жүр. Енді Алматы қаласында тағы бір мейрамхана ашу қамында.

Елімізде шағын және орта бизнеспен шұғылданып, шаруасын шалқытып отырған мұндай кәсіпкерлер аз емес. Бірақ, солардың бәрі бірдей тапқан-таянғандарын жұртпен бөлісе бермейді. Жаксылықтары кара басынан артылмайды. Ал, Ардақ бұл қатарға жатпайды. Қашанда кімге болсын қол созуға әзір. Қазірде оның аумағы Бұқар жырау ауданын ғана емес, облыс аймағын да қамтиды. Атап айтқанда, жылдағы «Қарттар» және «Балаларды қорғау» күндерінде бұқаржыраулық қариялар мен әлеуметтік осал топтағы отбасылардың бүлдіршіндері жомарт жүректі Ардақ Жүнісовтен қоржындап сыйлық алса, аталған санаттағы оқушылар жаңа оқу жылы басталар алдында «Мектепке жол» акциясы аясында



КӘСІПКЕРЛІК

оқу құралдары мен киім-кешекке қарық болады. Бұқар жырау ауданының спортшылары мен өнерпаздары да Ардақтың дарқан мырзалығынан кенде қалмайды. Кәсіпкер аудан футбол командасы мен ұлттық спортпен айналысатын жастарына жанашырылық жасап, олардың жарыстарға барып қатысатын жол шығындарын да көтереді. Облыстық МВА федерациясының вице-президенті ретінде осы спортшылардың да түрлі деңгейдегі жарыс сапарларының шығындарын да мойнына алған. Ал, аудандық «Әжелер хорына» баян аспабын сатып әперіп, тіпті, былтыр бұқаржыраулық белгілі айтқы ақыны Айтбай Жұмағұловтың Қарағандыда Кеншілердің Мәдениет сарайында атап өтілген 50 жылдық мерейтой салтанатында оған су жаңа жеңіл автокөліктің кілтін ұстатқан да осы азамат.

Өзі отбасымен 1992 жылдан бері Қарағанды қаласында тұрып жатқан Ардақ Жүнісов елім десе, ет жүрегі елжіреп, туған топырағын бір сәт те ұмытпайды. Биыл Ботакара кентінің кіреберіс алаңына алуан түрлі гүл егіп, жайнатып қойғанына жерлестері де дән риза.

— Мен бұл шаруаларды байлығым асып-тасқаннан жасамаймын. Шүкір, бизнесімнен түсетін пайдам бала-шағамды асырауға мольнан жетеді. Одан артылғанын көмекке мұқтаж жандардың қажетіне, туған жерімде өнер мен спорттың дамуына жұмсауды ел алдындағы азаматтық әрі перзенттік парызым санаймын, — дейді сөзінің соңында Арқаның Атымтайы атанған Ардақ Жүнісов.

Бұқар жырау ауданы

Сурет автордан

Қазандықтар қысқа әзір

Қарқаралы ауданында қазандықтар мен жылу желілері жөнделіп, әлеуметтік нысандарға модульдік қазандықтар орнатылуда. Бюджеттік ұйымдар үшін көмір қоры жасақталып, электр желілерінде инфрақұрылым жаңартылуда.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жылыту маусымына дайындық жұмыстары бірнеше бағытта. Ауданда барлығы 117 әлеуметтік-мәдени нысан және 38 көпжұрты тұрғын үй бар. Бұл нысандарға жылуды 6 жергілікті қазандық береді. Сондықтан, негізгі міндеттің бірі — қазандықтардың қысқы жүктемеге дайындығын қамтамасыз ету, жылу желілерінің техникалық жағдайын ретке келтіру.

Бүгінде №3 қазандықтың жылу желілері жөнделді. Ал,



№6 қазандыққа қуаты 2,5 МВт болатын жаңа КСВР қазандығы орнатылды. Қарқаралы қаласындағы басқа қазандықтар да жөндеу көрді.

Білім беру нысандарының жылу жүйесіне де ерекше мән беріліп отыр. Қарқаралы ауданында 43 білім беру мекемесі

жұмыс істейді. Мәселен, енді бірқатар елдімекендегі мектептерге жаңа жабдықтар орнатылуда.

Қарабулак, Бакты, Қарағайлы және Ақбай-Қызылбай ауылдарындағы мектептер модульдік қазандықпен жылыды. Қысқа дайындық тек қазандықтарды

жөндеумен шектелмейді. Қажетті отын қорын алдын ала жеткізу де күн тәртібінде.

Қарқаралы ауданы бойынша халық пен бюджеттік ұйымдарға 72,2 мың тонна көмір қажет. Көмірді тұрғындар екі теміржол тұйығы мен үш көмір қоймасы арқылы алады.

Қыста жылу жүйелерімен қатар, электр желілерінің түсетін жүктемесі артады. Сондықтан, энергетикалық инфрақұрылым да алдын ала дайындалуда.

Биыл «Қарағанды Жарық» компаниясы екі қосалқы станцияда жөндеу жүргізуде. Ал, «ҚАЭК» ЖШС 7,1 шақырым электр желісі мен бес жинақтаушы трансформаторлық қосалқы станцияға күрделі жөндеу жасауда.

Жұмыстардың бір бөлігі қазірдің өзінде аяқталған. Атап айтқанда, №1024 КТҚ күрделі жөндеуден өтіп, ақаулы 102 электр тірегі ауыстырылды. Бұдан бөлек, екі қосалқы станцияда да күрделі жөндеу жұмыстары аяқталды.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Газдандыру: үйге — жылу, елге — игілік


Биыл 30 маусымда Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі газдандыру қарқынын жеделдетіп, табиғи газбен қамтылған халықтың үлесін 80 пайызға жеткізу міндетін қойды.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

— Біз энергетикалық және коммуналдық салаларды жан-жақты жаңғырту жұмысын қолға алдық. Осы мақсатта бұрын-соңды болмаған ауқымдағы Ұлттық жобаны іске асыру туралы шешім қабылданды. Оны жүзеге асыру үшін тек биылдың өзінде 1 триллион теңгеден астам қаржы бөлу жоспарланып отыр, — деді Мемлекет басшысы.

Белгілей отырсақ, тек соңғы он жылда атаулы көрсеткіш 43 пайыздан 64 пайызға жеткен. Мемлекет басшысы атап өткендей, жылу мен тұрмыстық қолайлылыққа қол жеткізу адамның облыс орталығында немесе шалғай ауылда тұратынына қарай өзгермеуі тиіс. Осы міндетті жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі алдағы жылдарға арналған арнайы Жол картасын әзірлеуге кірісті. Құжатта газдандыру жұмыстарының кезеңдері, қаржыландыру көздері және нақты іске асыру тетіктері айқындалады.

Президент тапсырмасы — елдің ұзақ мерзімді даму бағдары болса, оның нақты орындалуы бүгінде өңірлерде жүзеге асып жатыр. «QAZAQGAZ AIMAQ» АҚ-ның Қарағанды өндірістік филиалында бұл ауқымды жұмыстың нақты көрінісін анық байқауға болады. Бүгінде атаулы қосын қолданысында жалпы ұзындығы 797,4 шақырым газ тарту желісі, 26 газ реттеу пункті (ГРП) және 233 шкафтық газ реттеу пункті (ГРПШ) бар. Оның ішінде, облыс үлесіне 612,3 шақырым газ желісі, 18 ГРП және 186 ГРПШ тиесілі. Мұндай күрделі инженерлік жүйенің үздіксіз әрі қауіпсіз жұмысын 140 қызметкерден құралған ұжым қамтамасыз етеді. Қарамағында 17 арнайы техника мен автокөлік, сондай-ақ, тәуліктің кез келген уақытында аса келген шақыртуға шығуда дайын үш авариялық-диспетчерлік бригада жұмыс істейді. Нақты нәтижесінде облыс бойынша табиғи газды тұтынатын қолданыстағы абоненттердің саны 8 379-ға жеткен. Оның 8 203-і — тұрғындар, 24-і — өнеркәсіп кәсіпорындары, ал, 152-сі — коммуналдық-тұрмыстық сектор нысандары. Сонымен қатар, бүгінде 16 444 абонентті газ желісіне қосуға техникалық мүмкіндік жа-



салған. Осы уақытқа дейін 12 239 техникалық шарт берілген. Бұл алдағы кезінде әрбір тұрғын үйді табиғи газ магистралына қосып қосу бағытындағы жұмыстың әлі де ауқымды екенін көрсетеді.

— Газға қосылу рәсімі де айтарлықтай жеңілдеді. Биыл 11 шілдеден бастап «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сәулет, қала құрылысы және құрылыс мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 32-тармағы күшіне енді. Ендігіде техникалық шарт алуға өтініш қабылдау және оның нәтижесін беру «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы, «Электрондық үкімет» порталы, яки, Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған цифрлық жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Демек, тұрғындардың көпшілігі отынға қол жеткізу жолындағы әкімшілік рәсімдері анағұрлым жеңілдеп, уақыт

үнемделеді, — дейді Қарағанды қаласының құрылыс бөлімінің басшысы Мұрат Камалиев.

Көгілдір отын кенттерге де келді. Өңірдегі ең ірі инфрақұрылымдық жобалардың бірі — Шахтинск қаласын газдандыру. Жоба толық жүзеге асқанда 2 750 абонентке табиғи газға қосылуға техникалық мүмкіндік беріледі. Биылғы жылдың төртінші тоқсанында бірінші және екінші іске қосу кешендерін пайдалануға беру жоспарланып отыр. Соның нәтижесінде 1 367 отбасы көгілдір отынның игілігін көрмек. Бұған дейін тек жаңалықтардан естітін табиғи газ олардың күнделікті тұрмысының ажырамас бөлігіне айналады. Сонымен қатар, Саран қаласын, Ақтас, Дубовка, Ақтау кенттерін және Ғабиден Мұстафин кентін газдандыру жұмыстары да жүйелі түрде жалғасуда. Аталған жобалар толық іске асқанда тағы 9,5 мыңнан астам абонент табиғи газға қол жеткізеді.

Облыс орталығы да кезек-кезеңімен газдандырылып келеді. Бүгінде 1, 2, 3 және 5-іске қосу кешендері пайдалануға беріліп, 8,7 мыңнан астам абонентке табиғи газға қосылуға техникалық мүмкіндік жасалды. Ал, 4-іске қосу кешені бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары толық аяқталған. Биылғы тамыз айында 1 663 абонент көгілдір отынның игілігін көрмек. 6-іске қосу кешенінің құрылыс дайындығы бүгінде 79 пайызға жетті. Жобаны қараша айында аяқтау жоспарланған.

— Цифрандыру жұмыстары да назардан тыс қалған жоқ. Газ есептегіш құралдарының көрсеткіштерін қашықтан беруге мүмкіндік беретін Qazaqgaz Aimaq мобильді қосымшасы іске қосылды. Жасанды интеллект технологиясы есептегіштің фотосуретіндегі көрсеткіштерді автоматты түрде танып, деректердің дұрыстығын тексереді және ақпаратты қолмен енгізу кезінде жіберілетін



ПРЕЗИДЕНТ
ТАПСЫРМАСЫН
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

кателер қауіпін барынша азайтады. Газ есептегіш көрсеткіштерін eGov Mobile қосымшасы арқылы беру мүмкіндігі де енгізілді. Жетелі жүйеде әлеуметтік бағыттың да орны ерекше. Атаулы әлеуметтік көмек және тұрғын үй көмегін алушыларға арналған «Әлеуметтік әмиян» жобасы іске асырылды. Газбен қамтылған жеңілдікті осы санаттағы азаматтарға ай сайын электронды ваучер — табиғи газ төлеміне жеңілдік беріледі. Осы санаттағы тұтынушылар үшін 1 текше метр газдың тарифі 39,9 теңгені құрайды, — деп хабарлады «QAZAQGAZ AIMAQ» АҚ-ның Қарағанды өндірістік филиалы бас инженерінің міндетін атқарушы Ділдәбек Күлтеміров.

Газ желісінің кеңеюі әрбір тұтынушының жауапкершілігін қоса арттырады. Мәселен, Қазақстан Республикасының «Газ және газбен жабдықтау туралы» Заңының 19-бабына сәйкес, газ тұтыну жүйелері мен жабдықтарының иелері олардың техникалық жарамды күйде болуын қамтамасыз етуге міндетті. Ол үшін мамандандырылған ұйыммен техникалық қызмет көрсету туралы шарт жасалуы қажет. Мұндай шарттың үлгілік нысаны Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 12 қарашадағы №117 бұйрығымен бекітілген. Филиал мамандары облыс тұрғындарына қарапайым, бірақ, адам өмірі үшін аса маңызды ережені еске салады. Газдың иесі сезілген жағдайда барлық газ крандарын дереу жабу, бөлмені жақсылап желдету қажет. Осы ретте ашық отты пайдалануға және электр құралдарын қосуға болмайды. Содан кейін бірден филиалдың 104 нөмірлі авариялық-диспетчерлік қызметіне хабарласқан жөн.

Көгілдір отын — көңілге жылу, елге өріс. Осылайша Президент тапсырмасы жедел міндеттен өндірістік жоспарға, өндірістік жоспардан нақты нысанға, ал, нысаннан халық игілігіне айналып келеді. Газдандырудың ғұмыры ұзақ. Әрбір газ құбырынан ел ертеңіне деген сенімнің лебі сезіледі. Мемлекет басшысы баса белгілеген 80 пайыздық межеге бастар жол да осындай нақты істерден құралады.

Жаңғырған кесене, көмескі тарих

Тарихтың барлық парағы қағазға қатталып, тасқа қашала бермейтіні ақиқат. Кейде өткен ғасырлардың күзіндей болған көне белгілер ұлан-ғайыр дала төсінде үнсіз мүлгіп тұрады да, оның ар жағындағы адам тағдыры, ел жадындағы елеулі оқиғалар уақыт өте келе көмескі тарта бастайды. Нұра ауданындағы Шонжар кесенесінің бүгінгі жай-күйі дәл осыған ұқсайды. Мемлекет қорғауына алынған, сәулеттік сипаты ғылыми негізде анықталып, былтыр ғана қайта жаңғыртудан өткен бұл тарихи нысанның сыртқы сұлбасы сақталғанымен, «Шонжар өзі кім болған, бұл кесенені кімдер, қандай мақсатпен салдырған?» деген басты сауалдың жауабы әзірге тарихтың терең қойнауында бұғып жатыр.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тарихи-мәдени мұрамызды көздің қарашығындай сақтап, көне жәдігерлер мен сәулет нысандарын келер ұрпаққа қаз қалпында аман жеткізу ісіне айрықша мән беріп келеді. Осы бағыттағы ауқымды әрі жүйелі жұмыстар Сарыарқа кіндігі – Қарағанды өңірінде де өз жалғасын тапқаны бек куанғады. Соның бір айқын көрінісі ретінде былтыр қалпына келтірілген Шонжар кесенесін атауға болады.

Облыстың тарихи-мәдени мұраны сақтау орталығы ұсынған ресми мәліметтерге сүйенсек, бұл жәдігер XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басына тиесілі. Кесене Нұра ауданындағы Қали ауылынан солтүстікке қарай 4,5 шақырым қашықтықта, Ашылы өзенінің жағалауындағы көне қазақ қорымының ішінде орын тепкен.


Архитектуралық құрылымы жағынан нысан Сарыарқа даласына тән дәстүрлі мемориалдық сәулет өнерінің үлгісін қайталайды. Бір камералы, іргетасы шаршы тектес етіп қаланып, төбесіне цилиндр пішінді күмбез орнатылған. Негізгі құрылыс материалы ретінде саман, яғни, далалық шикі кірпіш пайдаланылған. Күмбездің салмағын ұстап тұру және оның құлап қалмауын қамтамасыз ету үшін сол заманның шеберлері күмбез ішіне ағаш тіреуіштермен арнайы нығайтқан.

– Былтыр кесене басында ке-

шенді реставрациялау және абаттандыру жұмыстары қолға алынды. Ғасырдан астам уақыт бойы жауын-шашын мен желдің, аяз бен қардың әсерінен мүжіліп, үгітіле бастаған саман қабырғалар қайта бекітілді. Бұл ретте нысанның бастапқы тарихи келбетін қаз қалпында сақтап қалуға ерекше басымдық бердік. Қалпына келтіруге дейінгі және одан кейінгі фотосуреттерді салыстыра қарасаңыз, көне мазардың екінші тынысы ашылып, айналасы толық ретке келтірілгенін анық байқауға болады, – дейді облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасына қарасты тарихи-мәдени мұраны сақтау орталығы тарих бөлімінің ғылыми қызметкері Бекарыс Әділов.

Десе де, кесененің сыртқы қабырғасы жаңғырғанымен, оның ішкі тарихының көмескі тұстары әлі де жетерлік. Мемлекеттік қорғауға алынған нысанның ресми паспорттында құрылыстың нақты тарихы, оны тұрғызған сәулетші-шеберлер мен тапсырыс берген тұлғалардың есімдері белгісіз екені көрсетілген. Ең бастысы, «Шонжар» атауы кімге қатысты қойылғаны жөнінде де әзірге дәйекті жазбаша дерек немесе тарихи құжат табыла қойған жоқ.

Тілдік ұғым тұрғысынан алғанда, қазақ ұғымында «шонжар» сөзі – атақ-даңқы жер жарған, дәулетті, билік басындағы ықпалды адамдарға, ірі байларға қаратып айтылатын теңеу. Яғни, бұл мазарға жай адам емес, өз заманында ел ішінде сөзі өткен, беделді әрі ауқат-



ты тарихи тұлғаның жерленгені анық. Бірақ, ол нақты кім? Бұл жұмбақтың жауабын табу үшін тек Нұра ауданының шеңберінде іздену жеткіліксіз болуы мүмкін. Өйткені, Шонжар кесенесі орын тепкен Қали төңірегінің әкімшілік тарихы бір ізге түсіп, тұрақтала қоймаған. Кешегі Кеңес дәуірінде бұл аймақтар талай рет қолдан пішіліп, картадан картаға көшті.

Тарих парактарын ақтарсақ, бұл өңір бүгінде Нұра ауданына қарағанымен, өткен ғасырдың соңына дейін бұрынғы Теңіз ауданының құрамында болған. Теңіз ауданы алғаш 1977 жылы Целиноград облысының құрамында құрылып, кейін 1985 жылы Қарағанды об-

лысына берілді. Ал, еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылымы қайта қаралған 1997 жылы Теңіз ауданы ресми түрде таратылып, оның аумағы Нұра ауданына қосылды.

Бәлкім, Шонжар туралы деректің көмескі тартуына осындай әкімшілік ауыс-түйістердің де тікелей ықпалы болған шығар. Өйткені, жердің аты өзгермегенімен, аудан мен облыс шекарасы ауысқан сайын құжат та, ел арасындағы шежірені жинақтайтын орталық та, мұрағат та өзгеріп отырған. Біз осыған байланысты аудандық мәдениет бөлімінің мамандарына хабарласып, жергілікті өлкетанушылардан да сұрастырдық. Әзірге кесенеді кім жерленгенін айғақтайтын нақты дерек табыла

қоймады. Сондықтан, бұл мазардың шежіресіне нүкте қоюға әлі ерте. Оның түпкі тарихын бұрынғы Теңіз, Қорғалжын өңірлерінің, қала берді Астанадағы орталық архивтерден және сол өлкенің көнекөз қарияларының жадынан іздеу қажет секілді.

Әзірге бізге анық нәрсе біреу ғана. Кесене сақталды, ол мемлекеттің қамқорлығымен қайта жаңғырды. Ал, оның үнсіз қабырғалары ішіне бүгіп жатқан сырлы тарих әлі де өзінің білікті зерттеушісін күтіп тұр.

СҮРЕТТЕ: 1. Кесене қалпына келтірілгенге дейін
2. Кесене қайта жаңғырту жұмыстарынан өткен соң



Әуежай әлеуетке әсер етеді

Балқаш қаласында мемлекетке қайтарылған активтер есебінен жүргізілген әуежайды реконструкциялау жұмыстары толық аяқталды. Жоба Мемлекет басшысының қайтарылған активтерді өңірлік инфрақұрылымды дамытуға және әлеуметтік маңызы бар нысандарды жаңғыртуға бағыттау жөніндегі тапсырмасы аясында іске асты.

Диас СЕРІКҚАЗЫҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Реконструкция барысында әуежайдың негізгі инфрақұрылымы жаңартылып, ұшу қауіпсіздігі талаптарын қамтамасыз ету деңгейі артты. Сондай-ақ, жолаушыларға қызмет көрсету сапасын жақсартуға бағытталған жұмыстар жүргізілгендіктен, қазір әуежайдың жалпы жағдайы заманауи талаптарға сай. Әуежай ашылғаннан бері 85 рейс орындалып, 10 681 жолаушы тасымалданған.

Жаңғыртылған әуежай Балқаштың көлік инфрақұрылымын дамытуға мүмкіндік беріп, қаланың басқа өңірлермен байланысын нығайтты.

Ақсорандағы туристік төр

Сарыарқаның сайын даласында табиғаты мен тарихы астасқан мекендер аз емес. Дегенмен, сол мекендердің арасында өзінің табиғи сұлулығын ғана емес, ғасырлар қойнауынан жеткен тарихи мұрасын, ұлттық болмысын, ауыл тіршілігін бір арнаға тоғыстыра алғанның жөні бөлек. Сондай мекеннің бірі – Қарағанды облысы Ақтоғай ауданындағы Шабанбай би ауылы. Қызыларай тауларының баурайында, Ақсоран маңында орналасқан, бүгінде 581 тұрғыны бар ауыл соңғы жылдары туристер назары аға бастаған ерекше бағыттың біріне айналып келеді.

Аида РАХЫМҚҰЛ, «Ortalyq Qazaqstan»

«Үздік» атану үміт сыйлайды

Ауылдың туристік әлеуеті соңғы жылдары арта түскен. Бұған «Kazakh Tourism» ұлттық компаниясы ұйымдастырған «Үздік туристік ауыл – 2025» ұлттық байқауының қорытындысы да дәлел. Байқау нәтижесінде Шабанбай би ауылы еліміздегі үздік бес туристік ауылдың қатарына енді. Бұл – Шабанбай би ауылы үшін жетістік.

Бағалау кезінде табиғи және мәдени ресурстарға, дәстүрлі қызмет түрлерінің сақталуына және елді мекендердің туристік әлеуетіне назар аударылғаны мәлім.

Ұлттық кезеңде «үздік» деп танылған Шабанбай би ауылы енді Қазақстанның туристік әлеуетін халықаралық деңгейде танытуға мүмкіндік алды. Байқаудың ұлттық кезеңіндегі жеңімпаз ауылдар БҰҰ Дүниежүзілік туристік ұйымы өткізетін UN Tourism Best Tourism Villages халықаралық байқауында еліміздің атынан шығады.

Өйткені, халықаралық деңгейдегі танымалдық туристік ағынның өсуіне, жаңа инвестиция тартуға, инфрақұрылымды жақсартуға және жергілікті кәсіпкерлікті дамытуға жол ашуы мүмкін.

Табиғаты көркем, тарихы терең



бұл өңірде тау туризмінен бастап, археологиялық және этнографиялық бағыттарға дейінгі бірнеше туристік бағытты қатар дамытуға мүмкіндік бар. Бір сапардың өзінде саяхатшы Сарыарқаның табиғатын тамашалап, қола дәуірінің мұрасымен танысып, Алаш қайраткерлерінің ізі қалған тарихи орындарға ат басын бұрып, ауыл тұрғындарының қонақжайлығын сезіне алады.

Ауылдың басты ерекшелігі де осы тұсында. Яғни, табиғи, тарихи-мәдени және этнографиялық туризмнің тоғысуында. Бір жағында – асқақ Ақсоран, екінші жағында – Қызыларайдың қыраттары. Ал, сол таулардың қойнауында көне өркениеттің ізі, тарихи қорымдар, ел тарихында өзіндік орны бар тұлғаларға қатысты орындар жатыр. Ауылға келген адам тек табиғатты тамашалап қана қоймайды. Ол ежелгі тарихқа үйіліп, археологиялық ескерткіштерді көріп, туған жердің шежіресімен таныса алады. Жергілікті тұрғындардың тұрмыс-тіршілігін көріп, ұлттық тағамдардан дәм татып, ауыл өмірінің тынысын сезінуге мүмкіндік бар.

Бұл – қазіргі турист кей-

тін тәжірибенің өзі. Яғни дайын көріністі тамашалау ғана емес, барған жерінің табиғаты мен тарихын сезіну, жергілікті мәдениетпен танысу. Ал, Шабанбай би ауылында мұндай мүмкіндік жеткілікті.

Ауылдың табиғи бренді

Биіктігі 1565 метрге жететін Ақсоран шыңы – өңірдің басты табиғи туристік нысанның бірі.

Қызыларай таулары мен Ақсоран шыңы – Шабанбай би ауылының басты табиғи туристік бренді. Бұл аумақ жаяу және тау туризмін дамытуға, экологиялық бағыттар ұйымдастыруға, фото-турлар өткізуге және табиғатты тамашалауға қолайлы, – дейді Ақтоғай ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Данияр Жақсыбергеноұлы.

Қызыларайдың ерекше ландшафты, кең даламен астасқан тау сілемдері мен табиғи тыныштығы – қаладағы қарбаластан алыстағысы келетін турист үшін таптырмас мүмкіндік.

Ауылдың туристік болашағын дәл осы табиғи брендпен байланыстыруға болады. «Қызыларай – Ақ-

соран» бағыты жеке тау-туристік маршрут ретінде де, тарихи бағыттармен ұштасқан кешенді саяхаттың алғашқы нүктесі ретінде де тартымды.

Ауыл маңындағы Беғазы-Дәндібай мәдениетіне жататын тарихи-археологиялық нысандар Сарыарқа жерінде мыңдаған жыл бұрын өмір сүрген адамдардың тұрмыс-тіршілігі мен мәдениеті туралы сыр шертеді.

Көне қорымдар мен археологиялық ескерткіштерді туристік маршруттарға жүйелі түрде өңірдің танымдық әлеуетін арттыра түсесі анық. Бұл ретте Талдыбейіттің орны ерекше.

Талдыбейіт – Ақтоғай өңірінің ғана емес, тұтас қазақ тарихының маңызды нүктесінің бірі. Мұнда Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның әкесі Нұрмұхаммед, атасы Мырзатай, анасы Бегімай және әулет мүшелері жерленген.

Демек, бұл – жай ғана тарихи қорым емес, ұлт тарихына тағзым ететін орын.

Шабанбай би ауылы мен Ақтоғай өңірінің тарихын Алаш қозғалысынан бөле-жара қарау мүмкін емес. Әлихан Бөкейханның өмірі мен қызметі осы өңірдің тарихи

шежіресімен сабақтас. Ауылда оған арналған ескерткіштің болуы да туристік-танымдық бағытты кеңейтуге мүмкіндік береді.

Ал, Ақтоғайдан шыққан Әлімхан Ермековтің есімі де ел тарихында айрықша орын алады. Алаш қозғалысының белсенді мүшесі, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым, қазақтан шыққан тұңғыш профессор-математиктің өмір жолы – жас ұрпаққа да, тарихқа қызығатын туристке де құнды мұра.

Осы мүмкіндіктердің барлығы біріге келгенде, «Алаш арыстарының ізімен» атты жеке тарихи маршрут жасауға негіз бар.

Экотуризмнің болашағы зор

Ауылда экотуризмді дамыту жұмыстары 2008 жылдан бері біртіндеп қалыптасып келеді. 2009 жылы жеті қонақ үй тіркелген. Солардың бірі – 2014 жылы салынған «Сұлу-тас» қонақ үйі. Оның жетекшісі – Раушан Дүйсенбекова. Бұған қоса, 2025 жылы «Saldem» қонақ үйінің құрылысы аяқталған, қазіргі уақытта жер құжаттарын рәсімдеу жұмыстары жүргізілуде. Жаңа нысан 12 нөмірге есептелген.

Сонымен қатар, Ақсоран шыңының бөктерінде орналасқан бұрынғы «Арай» лагері аумағында «Ақ Барыс 777» ЖШС бастамасымен 37 орындық заманауи қонақ үй салу жоспарланып отыр. Жобаны 2027-2028 жылдары іске асыру көзделген.

Шабанбай би ауылдық округі әкім аппаратының бас маманы Мейрамғұл Қапашованың сөзіне сүйенсек, ауылға айына орта есеппен 15-20 турист келеді екен.

– Қысқы уақытта 2-3 адамнан ғана келеді. Жылына 200-220 турист қабылданады. Шетелдіктер ғана емес, қазақстандықтар да келіп, қонақ үйлерге тоқтайды. Бұл маңың табиғаты өте сұлу. Тарихи орындар да баршылық, – деді ол.

Бұл көрсеткіш әзірге үлкен туристік ағын деп айтуға келмейді. Алайда, ауылдың қазіргі мүмкіндігін ескерсек, оның өсу әлеуеті жоғары. Өйткені, мұнда туристке қажет негізгі ресурс – табиғат пен тарих бар.

Туристік инфрақұрылымды дамыту бағытында да жұмыстар жүргізілуде. Бұл нысандардың іске



ІШКІ ТУРИЗМ

қосылуы туристерді орналастыру мүмкіндігін арттырып қана қоймай, ауылда қызмет көрсету саласының қалыптасуына да серпін бере алады.

Жол бар, байланыс керек

Шабанбай би ауылы үшін ең өзекті мәселенің бірі – инфрақұрылым. Жол сапасын жақсарту, ұялы байланыс пен интернетті күшейту, санитарлық тораптар мен демалыс орындарын көбейту, туристік нысандарға апаратын жолдарды реттеу, ақпараттық көрсеткіштер мен навигация орнату – туристік ағынды арттырудың негізгі шарттары.

Ауылда ұялы байланыс мәселесі де біршама жолға қойылған. Мұнда Beeline, Altel, Activ және Tele2 желілері тұрақты жұмыс істейді. Интернет желісінің жылдамдығы 4G деңгейінде. Тіпті, ауылдағы әр үй дерлік Wi-Fi желісін орнатып алған. Бұл жергілікті тұрғындар үшін де, туристер үшін де байланыс пен ақпаратқа қолжетімділікті арттырады.

Дегенмен, туристік нысандардың қатары көбейіп, келушілер саны артқан сайын байланыс инфрақұрылымын одан әрі жетілдіру қажеттілігі туындайды. Осыған байланысты салынып жатқан қонақ үйге және «Беғазы-Дәндібай мәдениеті» кесенесіне Beeline байланысын орнатуға ықпал ету жөнінде тиісті орындарға хат жолданған.

Әсіресе, қазіргі цифрлық заманда байланыс мәселесі маңызды. Туристік табиғаты өте сұлу. Тарихи орындар да баршылық, – деді ол.

Бұл көрсеткіш әзірге үлкен туристік ағын деп айтуға келмейді. Алайда, ауылдың қазіргі мүмкіндігін ескерсек, оның өсу әлеуеті жоғары. Өйткені, мұнда туристке қажет негізгі ресурс – табиғат пен тарих бар.

Туристік инфрақұрылымды дамыту бағытында да жұмыстар жүргізілуде. Бұл нысандардың іске

Суреттер Ақтоғай ауданының әкімдігінен

• АКАДЕМИК КӘРІМ МЫҢБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 120 ЖЫЛ

Ауыл шаруашылығы ғылымының атасы

Кенес үкіметі орнап, большевиктер байлар мен дәулетті шаруалардың мал-мүлкін тәркілеу, тап жауы ретінде жер аудару басталып, көп ел шет жаққа көшіп, қашып кетті. Орнында қалғандары ұзамай алапат ашаршылықтың тырнағына ілікті, тоз-тозы шықты. 1932 жылдың өзінде 33345 адамды «байсындар» деп, бар малың тартып алып, соттады, атты. Мыңғырған мал мен қайысқан елден бос қалған сайын далада атакты ҚарЛАГ-тар, АЛЖИР-лер орнады. Сарыарқа өткен ғасырдың 30-шы жылдарынан 50-ші жылдардың ортасына дейін Кенес Одағының әр қиырынан келген «халық жаулары» мен «саяси сенімсіздердің» ауыр еңбекпен жаза өтеген жеріне айналды. Еліміздің дамуына өмірдің әр саласында елім, жерім дейтін озық ойлы ұлдардың халықтың өзі тұғызып отырған. Олар кешегі өткен алыптарымыз – Абай, Мұхтар, Қаныш тобы болса, сол қатардан ойып орын алатын тұлға – Кәрім Мыңбаев.

Аграрлық ғылымның негізін қалаушы, ұлттымыздан шыққан тұңғыш биология ғылымдарының докторы, Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы ғылым академиясының (ВАСХНИЛ) академигі, оның Қазақ бөлімшесін ұйымдастырушы әрі тұңғыш төрағасы, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, республика Мемлекеттік жоспарлау комитеті төрағасының бірінші орынбасары Кәрім Мыңбаевтың елі үшін сіңірген еңбегі ерен.

К.Мыңбаевтың осы саладағы ашқан ғылыми жаңалықтары, еңбеккерлік, ізденушілік ерекшеліктері ғылыми ортада жоғары бағаланады. Кәрімнің бұл жерде ғылыми жұмыстарын одан әрі қарай жалғастыруына Ұлы Отан соғысының басталуы бөгет жасайды. Ел басына түскен осынау ауыр шақтарда ол Ленинградты қорғаушы халық жасағы қатарында болады, әскерге алынады. Дегенмен, соғысқа кәжіетті резина пайдаланатын техникалық құралдардың көптен шығарылуы, қатқусқа деген сұранысты еселей арттырады. Соған байланысты оның жасау тәсілдерін жақсы білетін (көксағызды зерттеген) Кәрім Мыңбаевты шұғыл түрде әскерден босатып, елге қайтарлады. Кәрім Мыңбаевты Сталинның өзі Кремльге шақырып, әңгіме өткізеді. Әңгіме барысы төмендегідей жағдайда өрбиді:

– Майор, Қазақстанда сен сияқты қанша ғалым бар? – деп сұрайды Сталин.

– Көп, жолдас Сталин.

– Олай емес, жолдас Мыңбаев. Менің білуімше, бар-жоғы 5 ғылым докторы, 17 ғылым кандидаты бар. Бұл көп емес, Мыңбаев жолдас. Қазақстанға қайтуыңыз керек. Бастаған ғылыми жұмыстарыңызды аяқтаңыз. Соғыстан соң шаруашылықты өркендетуіміз керек, – деді Сталин.

Қабылдаудан соң 1942 жылы Қазақстанға оралған Кәкенді республика Үкіметі жақсы қарсы алып, елдегі ауыл шаруашылығына еркін араласу, өзіне берілген тапсырмаларды іске асыру үшін Қазақ КСР Мемлекеттік жоспарлау комитеті төрағасының бірінші орынбасары етіп тағайындайды.

Сол тұста еліміздің ауыл шаруашылығын ғылыми негізде қайта құру үшін бір ғылыми орталық құрып, оларда әр сала бойынша ғылыми зерттеулер институттарын ашу қажеттілігі туындайды. Сондықтан, соғыстың қауырт кезеңіне, елдегі қиыншылық пен тапшылыққа қарамай, 1944 жылы Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы ғылым академиясының (ВАСХНИЛ) Қазақ филиалы ашылып, оның президентуының тұңғыш төрағасы болып К. Мыңбаев тағайындалады. Жаңадан ұйымдастырылған филиалда ғылы-

ми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге білікті мамандар қажет болады. Кәрім ағамыз әуелгі кезекте келешегі бар А.Елеманов, М.Ермеков, В.Бальмонт, Ю.Барминцев сияқты ғалымдарды сырттан тартады.

Мыңбаевтың қажырлы еңбегі, іскерлігі, үлкен абыройының арқасында қазақстандық филиал қарамағында аз уақыттың ішінде 4 ғылыми-зерттеу институты, 8 тәжірибе станциясы, 13 тәжірибе алаңы ұйымдастырылып, ғылыми тақырыптық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Кейіннен заман жақсара келе ауыл шаруашылығының әр салалары бойынша, әр түрлі табиғи-климаттық аймақтарда жаңадан институттар қатары өсіп, жемісті жұмыстар күні бүгінге дейін жалғасуда.

Кейінгі жылдары Мыңбаев мұрасын зерттеушілер мынадай екі құжатқа тап болар еді. Оның біріншісі – Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1948 жылғы 22 тамыздағы №651 Қаулысының көшірмесі. Онда Бетпақдала, Сарыарқа өңірін шаруашылыққа пайдалану үшін, зерттеуді Орталық Үкімет арқылы ГУЛАГ-тың ҚарЛАГ бөлімшесіне тапсыру жайлы өтініш жасалған. Өрине мұндай мәселені көтеріп, шешу жолдарын қарастыру К.Мыңбаевтың бастамасы екені сөзсіз. Бетпақдаланы зерттеуге ҚарЛАГ-ты тарту жөніндегі ұсыныстың түсу себебі, онда әртүрлі себептермен ауыл шаруашылығы саласының айтулы ғалымдары айдауда болған. Сонымен қоса, бұл жазалау орнының түрлі зерттеулер жүргізуге қажет жақсы жабдықталған зертханасы да бар еді.

Осы мәселе оң шешілген соң, ҚарЛАГ басқарушысының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары Д.Смирнов бастаған экспедиция бұл аймақта екі жыл үзбей жұмыс жасаған. Олар өңірдің рельефін, топырағын, ашық су көздерін, оның қорын, химиялық құрамын, мал азықтық шөптердің түрлерін, өсіп-өнуін зерттеген және мерзімдік ылғалдың түсу ұзақтығын, көлемін анықтаған.

Көкең сол өңірдегі «Шортанды» астық шаруашылығы тәжірибе станциясының жұмыс бағытын, көлемін зерделеп, зерттеулерді қайта қарап, тиісінше түзетулер енгізіп, жаңа бағыттар белгілеген екен. Оған осы саланың айтулы мамандарын тарту ісіне қатысқан. Егін шаруашылығының селекционер-ғалымдары, «халық жаулары» Л.Зайцева мен В.Кузьминді жазасын аяқтапай, ҚарЛАГ-тан босатырып, олар осы станцияда жаңа ғылыми жұмыстарын жалғастырған. Бұлар астық тұқымдарының жаңа мөл өнімді сорттарын шығару және өнім алудың толық агротехникасын жасағаны үшін кейіннен

Лениндік сыйлықтың лауреаттары атанғаны туралы ғалым Хайдар Арыстанбековтің естелігінде келтірілген.

Ерте уақыттарда Арқа жұрты малдарына қысқы мал азығын дайындай алмайтындықтан, олар Бетпақдала арқылы күздің жауын-шашыны кезінде Шу, Мойынқұм өңіріне айдап апарып, қыстатып, көктемдегі қар суымен жазғы жайлауға оралту ежелден қалыптасқан тіршілік дәстүрі болатын. Осы әрі-бері көшуде, кейде ауа райының бұзылу салдарынан, жолда мал көп шығынға ұшырайтын. Кәрім Мыңбаев туған елінің патриоты, шынайы ғалым ретінде халқын осы сан ғасырлық азаптан құтқару ісіне көп мән береді. Аталған жайғатардың алдын алу және күн көзі жеткілікті түсетін, ауа райы онша қатал емес өңірді халық игілігіне жарату үшін, осы проблеманы және оның шешімдерін жан-жақты зерттеу қажет деп табады. Бұл жұмысты алғаш рет өзі бастап, әртүрлі мамандардан тұратын экспедиция ұйымдастырып, аймақтың өсімдіктер әлемін, ашық су көздерін, мерзімдік азықтық қорларын зерттеп, соңынан 1948 жылы «Бетпақдала шөлі» атты монографиясын жазды.

Академик Кәрім Мыңбаев бастаған алғашқы ауыл шаруашылығы академиясы 1944 жылы көшпелі мал шаруашылығы технологиясын (жайлау, қыстау) енгізуді қолға алып зерттеу жұмыстарына кірісіп кеткен еді. Бірақ бұл ескіні көксеу, колхоз, совхоздарда малды, елді шоғырландыруға, бекітілген колхоз жерінен шықпауға қарсы әрекеттер деп түсіндіріліп Мәскеуден бастап қарсы жұмыстар жүргізіле бастады. Мұның бәрі түбінде «Алматы-Москва» ұшағының жарылып кетуімен бітті.

Алайда К.Мыңбаев салып кеткен сара жол өз мақсатына жетті.

Академик Кәрім Мыңбаевтың Бетпақдала, Мойынқұм, Сарыарқа, Шу, Сарысу арасын гүлдендіріп, төрт түлік малға толтырам деген асқақ армандары орындалып, қаншама совхоз, колхоздар, үлкен-кіші шаруа қожалықтары ашылып, жаңа «Мұғалжар» жылқы тұқымы «Еділбай» қойының «Қызылтау», «Сарыарқа» түрлері мыңғырып көбейді. Қаншама асыл тұқымды айғырлар, қошкарлар Қазақстанның түпкір-түпкіріне таралды.

Сарыарқа айғырлары «Мескер», «Маупас», «Мерген», «Меймандар» Алматыдағы республикалық, Москвадағы бүкілодақтық көрмелерінің чемпиондары болды.

Көшпелі мал өсіру технологиясы өзінің пайдалы екенін 90 жылдарға дейін дәлелдеп келді. Жамбыл облысы (Мойынқұм) мен Қарағанды облысы (Бетпақдала, Сарыарқа) малшылары аралас-ко-



ралас жайылымдарды бірге тиімді пайдаланып жүрді. Оған қуа қаншама малшы Еңбек ерлері шықты. Ал Жазылбек Қуанышбаев екі мәрте Еңбек Ері болды.

Кәрім Мыңбаев туған елінің патриоты бола білді. Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы ғылым академиясы Қазақ филиалын ол басқарғанда жоғарғы лауазымдағы адамдардың 80% жергілікті ұлт өкілдерінен болды.

Мұхтар Әуезов кеңестік билік тарапынан шетқақпайлыққа түсіп, тағдыры қыл үстінде жүрген кезінде, осыған байланысты оның 50 жылдығы ел көлемінде еленбей қалғанда, партиялық биліктен ешбір сескенбестен 1947 жылы Қаскеленде ат шаптырып, той жасап, Мұханның иығына шапан жауып, астына ат мінгізіп құрмет көрсеткен де Кәрім Мыңбаев еді.

Кәрім Мыңбаев 1948 жылы 30 қыркүйекте Мәскеуге іссапармен бара жатқан жолда ұшақ апатынан кенеттен қайтыс болды. Онда ағамыздың үзенгілес серіктері, сол кездегі ауыл шаруашылығы саласындағы білгір маман ғалымдар Қылыш Бабаев, Сапар Нұғыманов, Хасен Наурызбаев бірге көз жұмды. Осы ұшақ апаты жайында қаяусет халық арасында кезінде кеңінен тараған. Бірқатар адамдар мұны орталықтың ырқына көп көне бермеген Кәрім Мыңбаев секілді қазақтың біртуар тұлғасына әдейілеп істелген қастандық деп есептейді. Мұны сол кездегі куәгерлер сөзі де дәлелдей түсетіндей. Атақты жазушымыз С.Мұқановтың естелігінде мынадай жолдар бар: «Бір күні маған Ғ.Мүсірепов телефон шалып, кешке қонаққа шақырды. Барсақ Кәрім отыр екен. Ол алдағы таңда Мәскеуге Т.Лысенконың 50 жылдық мерейтойына бір топ қазақ ғалымдарымен ұшақшы екен. Көңілді кеш аяқталғанда, мен Кәрімнен Мәскеуде оқып жүрген екі ұлыма сәлем-сауқат ала кетугін өтіндім. Келістік. Аэропортқа таң атпай бардық... Кәрім балаларымен және мен жырағырақ жерде само-

летке ұшатындармен бірге бардық. Самолетке мінгеннен кейін, Кәрім тысқа шығып, Темірін тағы да құшақтап, көтеріп, құшырлана сүйді.

– Мұның не, соншама балажансып?! – дедім мен.

– Кім біледі, – деді Кәрім. –

Соңғы сүюім ғажап емес!

– Айтпа жаман сұмдықты!»

(С.Мұқанов. Толық шығармалар жинағы. 13- том).

Ертеңіне сол самолет Балқаштан шыға беріп 15 минуттан соң, апатқа ұшырады. Қазақ ауыл шаруашылығы Кәрім Мыңбаев бастаған төрт ірі ғалымынан айырылды. Мемлекеттік комиссия ұшақтың апатқа өзінің ұшырамағандығын анықтады. Зиялы қауым мұны ғалымға жасаған тікелей қастандық екенін іштей білген, бірақ жұмған ауыздарын ашуға қорыққан. Содан былай ғалымдар оның еңбектері жайлы маңдытып ештеңе жазбаған. Олардан қалған соңғы көз (бүгінде о дүниелік) замандасы, академик Хайдар Арыстанбеков ел тәуелсіздігін алған соң, қартайған шағында ұшақ апатының мән-жайын былай деп еске алады: «Жарылыс сонша күшті болғандықтан ондағы опат болған адамдардың ешбірін тануға болмады. Кәрімді әйелі костюмінің бір жапырақ жыртындысынан және ондағы түймесінен таныған. Сондықтан, барлық мүрделерді біріктіріп, Алматыдағы Ташкент мазарына жерлеген».

Сойтіп, халқымыздың аяулы азаматы, ұлтының жанашыры, қамқоршысы, желдің өтінде, суықтың бетінде тұрған қимасынан айырылған. Соңғы сапар, бақилыққа өлімнен бірге қазақ зиялылары, қара тұтып қайғырып, бірінен соң бірі зират басында егіле сөйлеп, шығарып салады. Академик Қаныш Сәтбаев ағамыздың: «Кәрім, сен жас кетіп барасың. Сенің өлімің – біз үшін де, ел үшін де ауыр қаза. Мезгілсіз кеттің-ау, Кәрім! Жолдастар, Кәрімдей адам өмірге жүз жылда бір-ақ келеді», – деп қамыға көзін сүртіп, мінберден сұры қашып түскені Гүлбағрам Серікқызы

Мыңбаеваның «Ағам есіме түссе кеудемді өксік қысады...» атты естелігінде жазылған.

Жұмбақ жағдайдағы ер қазасы еліне қатты батқандығын халық бағыры Бауыржан Момышұлы қабір басында ашық айтқан.

Қазақ КСР Министрлер Кеңесі, 1948 жылы 7 қазанда марқұмдардың зиратына ескерткіш қойылсын деген Қаулы алғанымен, бұл шешім 1956 жылға дейін орындалмапты. Ол тек кейінірек Хайдар Арыстанбековтің республика басшылығының алдына қойған талабы арқылы ғана жүзеге асады.

Кәрім Мыңбаев қысқа ғұмырында 200-ден аса ғылыми мақалалар мен екі кітап жазып қалдырған.

Қазақ зиялылары өздерінің естеліктері арқылы Кәкеннің сегіз қырлы, бір сырлы жан екенін бізге жеткізе білді. Ол ұлттық өнерді сүйген, кадрлеген және жүрген ортасында үнемі уағыздаған, ісімен көрсеткен адам болатын. Өзі де жақсы домбырашы, әнші, аңшы және қазақ тарихын, әдебиетін, мәдениетін жетік білген жан еді. Осыншама қасиетті бойына сіңірген тұлғаның Қазақстан ауыл шаруашылығы ғылымына сіңірген еңбегін, біздің ойымызша, мынадай бір ауыз тұжырыммен түйіндеп айтуға болады. Небары 20 жылдың ішінде (1928-1948 жж.) мектеп оқушысынан одақтық деңгейдегі академикке айналды, елімізде ауыл шаруашылығы ғылымының негізін қалаған айтулы ғалым деңгейіне дейін көтерілуі – осының жарқын мысалы.

Сондықтан, ел алдында еңбегі зор біртуар тұлғаны есте қалдыру үшін оның жазған еңбектерін, істерін, ел туралы естеліктерді кітап етіп басып шығару қажет. Сонымен қоса, Астана, Қарағанды қалаларына және өзі көп шакірт дайындаған Алматы аграрлық университеті алдына ескерткіш орнатып, үлкен көшелердің біріне атын беру орынды болар еді демекпіз.

Академик Кәрім Мыңбаев салған соқпақ жолдарымен қаншама ізбасарлары ғұлама ғалымдар, ауыл шаруашылығының іскер ұйымдастырушылары, ел патриоттары А.Еламанов, М.Ермеков, Ю.Барминцев, И.Нечаев, Б.Садықов, Б.Жұмағұлов, Е.Шаханов, Т.Көптілеуов, К.Қанапін, К.Бақтыбаев, К.Сарханов, О.Атымтаев, Б.Рысмағамбетов, Н.Киксебаев, М.Жанбаев, М.Сатыбалдин, Ә.Бөкпиров, З.Искаков, тағы басқа ғалымдар академиктің ойларын, армандарын іске асыруға аянбай тер төкті.

Академик Қаныш Сәтбаев еліміздің жер асты қазынасының кілтін ұстатып кетсе, жер беті байлығын ғылыми негізде игерудің іргетасын Кәрім Мыңбаев қалады. Сондықтан, оны қазақ «Ауыл шаруашылығы ғылымының атасы» деп атайды. Осы ұлы істі жалғастырушылар қатары көбейе берсін!

Набиудулла КИКЕБАЕВ,
Қазақстан Республикасы
Ұлттық аграрлық ғылымдар академиясының академигі,
ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы,
«Мұғалжар» журналының тұқымның авторы

Отандық онкологияның орасан олжасы

Бүгінде отандық онкологиялық қызмет шетелдің қымбат клиникаларымен тең дәрежеде бәсекелесе алатын деңгейге жетті. Соның бір айғағы – Қарағанды онкологиялық орталығының мамандары Ұлытау облысының 66 жастағы тұрғынының асқазанындағы қатерлі ісікті сәтті алып тастады. Тек былтырдың өзінде 100-ден астам осындай отаны сәтті аяқтаған қарағандылық хирургтер бүгінде ең күрделі хирургиялық қызметтерді медициналық сақтандыру жүйесі мен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) шеңберінде ақысыз жүргізіп, пациенттерге өз елімізде-ақ толыққанды ем алуға мүмкіндік беруде.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Науқастың сырқаты алғашында елеусіз көрінген дауыстың қарлығуынан басталған. Әйел тұрғылықты жеріндегі медициналық ұйымға жүгінген кезде, бастапқы тексеру нәтижесінде дәрігерлер өт қабында мәселе болуы мүмкін деп болжап, тиісті ем тағайындайды. Алайда, жүргізілген емге қарамастан, науқастың жағдайы жақсара қоймайды.

Денсаулық жағдайының нашарлау себептерін анықтау мақсатында отан қосымша тексерулер тағайындалды. Науқас МӨМС

жүйесінде ультратрадыстық зерттеуден, магниттік-резонанстық томографиядан (МРТ) өтті және қажетті зертханалық талдаулар тапсырды. Кешенді тексеру нәтижесінде дәрігерлер асқазанның антралды бөліміндегі қатерлі ісікті анықтады.

Науқастың айтуынша (аты-жөнін көрсетпеуімді өтінді), қойылған диагнозы естігенде абдырап қалған.

– Дәрігерлер диагнозымды айтқанда қатты толқыдым. Өрине, алдымен қорқыныш болды. Өйткені, «қатерлі ісік» деген сөздің өзі ауыр қабылданады. Бірақ, дәрігерлер емдеу жоспарын ег-



жей-тегжейлі түсіндіріп, әр кезеңде маған қолдау көрсетті. Қазір өзімді әлдеқайда жақсы сезінемін және көрсеткен көмегі мен жанапырлығы үшін барлық медицина қызметкерлеріне шын жүректен алғыс айтамын, – дейді қайуана.

Диагноз қойылғаннан кейін науқас №3 көпбейінді ауруханаға жолданып, онда онкологиялық орталықтың мамандары қажетті хирургиялық ем жүргізді.

Жоғары санатты онколог-хирург Бегалы Үсенбеков мұндай операциялар онкохирургиядағы ең күрделі хирургиялық процестің бірі екенін айтты.

– Асқазан обырына жасалатын операциялар техникалық тұрғыдан өте күрделі әрі хирургтердің, анестезиологтердің және бүкіл медициналық ұжымның мөл тәжірибесін қажет етеді. Осыдан бірнеше жыл бұрын мұндай ем алу үшін көптеген пациенттер шетелге шығуға мәжбүр еді. Бүгінде отандық онкологиялық қызметтің дамуы мен мамандарымыздың кәсіби даярлығының арқасында мұндай жоғары технологиялық



операциялар өңірде де сәтті орындалып келе жатқаны қуантады, – деді Бегалы Үсенбеков.

Онкологиялық ауруларды емдеудің маңызды артықшылықтарының бірі – пациенттер үшін оның қолжетімді болуы.

Сонымен қатар, биылдан бастап қатерлі ісікке күдік туындаған жағдайда мамандардың консультациялары, зертханалық талдаулар, ультратрадыстық зерттеу, МРТ және басқа да тексерулер тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі аясында жүргізіледі.

Сурет медициналық сақтандыру қорының облыстық филиалының баспасөз қызметінен

Садақтай серпілген рух

Сонғы жылдары елімізде ұлттық спорт түрлеріне, соның ішінде, дәстүрлі садақ ату өнеріне деген қызығушылық айтарлықтай артып келеді. Бұған дейін бұл спорт түрі Ұлттық спорт қауымдастығының құрамында болған. Былтыр жеке аккредитациядан өтіп, дербес федерация ретінде жұмысын бастады. Бүгінде федерацияға Қуан Ақшولاқов жетекшілік етіп, өңірде дәстүрлі садақ атуды кеңінен насихаттап келеді. Ұлттық өнердің тамырына қан жүгіртіп, жас ұрпақтың ұлттық спортқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында игі істерге мұрындық болып отыр.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Дәстүрлі садақ атудан өтетін турнирлер көбейіп келеді. Ел кубогы, ел чемпионаты тұрақты өткізілуде. Одан бөлек, жыл сайын Шымкентте Азия чемпионаты тұрақты ұйымдастырылады. Биыл Атырауда Әлем кубогы өтпек. Өңірде садақ атумен кәсіби түрде айналысатындардың саны 200-ге жетті. Ал, қызығушылық танытып, әуестеніп жүргендердің саны мыңнан асады. Сонымен қатар, ересектер арасында өнер көрсетіп жүрген жерлесіміз Жанар Сархытхан мен жастар арасында бақ сынайтын Дәулет Насыр ұлттық құрама сапында өнер көрсетіп жүр, – деді Қуан Қуатұлы.

Бұл спорттың да өзіндік қатаң талаптары, қалыптасқан ережелері бар. Қатысушылар жарысқа тек ұлттық киіммен шығуы тиіс. Ал, аяқ киімі ұлттық үлгіге сәйкес келмесе жалаң аяқ өнер көрсетеді. Садақ пен жебе де табиғи материалдардан жасалуы шарт. Жарыстар дәстүрлі садақ атудың «Пута», «Қалқан», «Орта Азия» және «Жамбы ату» бағыты бойынша өткізіледі. Дегенмен салада жетістіктермен қатар, қордаланған мәселелер де бар. Федерация жетекшісі алты ай қар жамылып жататын Арқа өңірінде спортшылардың дайындығын үздіксіз жалғастыру үшін жабық садақ ату алаңы аудаай қажет екенін айтады. Мұндай нысан мергендердің қысқы маусымда да жаттығуын тоқтатпай, шеберлігін шыңдауына мүмкіндік беретінін баса айтты.

– Бүгінде 43 мемлекет меморандумға қол қойып, дәстүрлі садақ атуды дамытуға күш салып жатыр. Біздің өңірде де бұл бағытта жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Соның бірі – «Жас сарбаз» жоба-



Бүгінде 43 мемлекет меморандумға қол қойып, дәстүрлі садақ атуды дамытуға күш салып жатыр. Біздің өңірде де бұл бағытта жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Соның бірі – «Жас сарбаз» жобасы. Спорт түріне қызығушылық танытқан оқушылар үшін мектептерде арнайы үйірме ашып жатырмыз. Қазір Қарағандыда кемінде үш мектепте аталған үйірме тұрақты жұмыс істеп тұр. Жоба аясында аталған мектеп үйірмесі жаттықтырушымен, арнайы ату алаңы және қажетті құрал-жабдыктармен толық қамтамасыз етілген. Сонымен қатар, Балқашта, Шет ауданындағы Ақсу-Аюлы мен Ақадыр кенттерінде де үйірмелер өз жұмысын жүйелі жүргізіп келеді. Ал, Қарқаралы өңіріне демеушілердің көмегімен қажетті құрал-жабдыктар алынды. Саран қаласында жекеменшік клубтар ашылуда. Алдағы уақытта Теміртауда да осындай клуб ашу жоспарда бар. Ең басты мәселе – инфрақұрылым. Спортшыдан тұрақты нәтиже күту үшін оның жыл бойы үздіксіз жаттығуына жағдай жасалуы керек. Сондықтан, бізге ең алдымен заманауи талаптарға сай жабық ату алаңы қажет. Бұл мәселе он шешімін тапса, дәстүрлі садақ атудан бұдан да биік белестерді бағындыруға дайынбыз, – деді Қуан Ақшولاқов.

Спорт түріне қызығушылық танытқан оқушылар үшін мектептерде арнайы үйірме ашып жатырмыз. Қазір Қарағандыда кемінде үш мектепте аталған үйірме тұрақты жұмыс істеп тұр. Жоба аясында аталған мектеп үйірмесі жаттықтырушымен, арнайы ату алаңы және қажетті құрал-жабдыктармен толық қамтамасыз етілген. Сонымен қатар, Балқашта, Шет ауданындағы Ақсу-Аюлы мен Ақадыр кенттерінде де үйірмелер өз жұмысын жүйелі жүргізіп келеді. Ал, Қарқаралы өңіріне демеушілердің көмегімен қажетті құрал-жабдыктар алынды. Саран қаласында жекеменшік клубтар ашылуда. Алдағы уақытта Теміртауда да осындай клуб ашу жоспарда бар. Ең басты мәселе – инфрақұрылым. Спортшыдан тұрақты нәтиже күту үшін оның жыл бойы үздіксіз жаттығуына жағдай жасалуы керек. Сондықтан, бізге ең алдымен заманауи талаптарға сай жабық ату алаңы қажет. Бұл мәселе он шешімін тапса, дәстүрлі садақ атудан бұдан да биік белестерді бағындыруға дайынбыз, – деді Қуан Ақшولاқов.

Шет ауданының Ақадыр кентіндегі Ю.Гагарин атындағы мектептің алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші Нұрбол Жәнісов те ұлттық спортты насихаттап, жас ұрпаққа бабадан қалған мергендік өнерді үйрету жолында аянбай еңбек етіп жүрген ұстаздардың бірі. 2017 жылы жеке кәсіпкер Саят Әуесбаевтың бастамасымен мектеп қабырғасында алғаш рет садақ ату үйірмесін ашып, ұлттық спортты оқушылар арасында кеңінен насихаттауға кіріседі. Содан бері дәстүрлі садақ атуды мектепте тұрақты дамытып, оны білім беру үдерісіне енгізуге күш салған. Нәтижесінде, садақ ату оқу бағдарламасына вариативті курс ретінде енгізілті.

– 2022 жылдан бастап дәстүрлі мергендік бағытына бет бұрдым. 2023 жылы Шымкентте өткен Азия чемпионатына қатысып, содан бері бұл спорт түрін өңірде кеңінен насихаттап келемін. Кейін төрт жылда бір келетін республикалық «Ақбидай» ойындарында жамбы ату сайысынан І орын иеленіп, облыс көлемінде ерлер арасында спорт шебері



нормативін орындаған алғашқы мерген атандым. Бүгінде Ақадыр кентінде 20-ға жуық шәкірт тәрбиелеп отырмын. Солардың қатарында Ұлттық құрама сапында ел намысын қорғап жүрген оқушымы да бар, – деді Нұрбол Жәнісов.

Мерген «Балаға үйретпес бұрын, өзін үйренуің керек» деген ұстанымды берік ұстаған жанның бірі. Дәстүрлі садақ ату-

ды қолға алған алғашқы жылдары бұл өнерді үйрететін маман да, бағыт-бағдар беретін орта да болмаған. Әлеуметтік желіден де қажетті ақпаратты табу оңай емес еді. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында жан-жақты ізденіп, 2018 жылдан дәстүрлі садақ атуға арналған авторлық бағдарламасын әзірлеуге кіріскен. Көп жылғы еңбектің нәтижесінде былтыр Қарағанды қаласының оқу-әдістемелік орталығымен бекітілген, 167 беттен тұратын дәстүрлі садақ атудан авторлық әдістемелік құрал жарық көрді. Еңбекте садақ атудың терең тарихынан бастап, ұлттық киім үлгілерінің ерекшелігі, нысана түрлері, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар мен жұмыс дәптерлеріне дейінгі қажетті материалдың барлығы қамтылған. Бағдарлама 34 оқу сағатына негізделген. Бүгінде аталған әдістемелік құралдың игілігін Ұлытау, Павлодар, Алматы облыстары мен Астана қаласындағы бірқатар мектеп көріп отыр.



гесінен шағын шеберхана ашады. Бүгінде оның қолынан шыққан жебелерді өңірде дәстүрлі садақ атумен айналысатын спортшылардың шамамен 80 пайызы пайдалануда. Өзі наурыз айынан бері шеберханадан екі мыңға жуық жебе дайындап, спортшыларға жөнелтіпті.

– 2024 жылы өзіме қарағайдан жасалған түрік жебесін 600 мың теңгеге сатып алдым. Бір жылдан кейін ұлым екеумізге тағы да осындай жебелерді бір миллион теңгеге алуға тура келді. Бұған дейін де жебе жасауды үйренсем деген ойым болған. Құрал-жабдықтың қымбаттығы мен тапшылығы осы істі өз қолыма алуыма түрткі болды. Сөйтіп, жебе жасаудың қыр-сырын өз бетімше меңгердім. Негізгі ағаш материалын Түркиядан, ал, қауырсынын Қытайдан алдырамын. Оның өзінде жебе бізге ұзындығы 80 сантиметр болып, тек кесілген күйінде келеді. Көпшілік жебе жасауды оңай деп ойлауы мүмкін. Алайда, шын мәнінде әр жебе спортшының бойына, қолының созымына және садақтың тарту күшіне қарай жеке-жеке әзірленеді. Оның салмағы мен иілгіштігіне, грамына дейін дәл есептелуі қажет. Осы өлшемдердің бірі дұрыс болмаса, жебе нысанға дәл тимеуі мүмкін. Жебелерді алдымен бір күн кептіреміз. Екінші күні өлшемдерін нақтылап, содан кейін ғана толық дайындап шығамын. Өзім садақтың кермесін әр үш ай сайын ауыстырамын. Оның да өзіндік жасау технологиясы бар. Кермесін арнайы станоктың көмегімен дайындап, өзім өремін, – деді Нұрбол Жәнісов.

Бабадан мирас болған мергендік өнердің бүгінгі ұрпаққа жетіп, заман талабына сай жаңғыруы – ұлттық құндылықтарды ұлықтаудың жарқын көрінісі. Осы жолда Қарағанды өңірінде дәстүрлі садақ атуды дамытуға аянбай еңбек етіп жүрген азаматтардың еңбегі ерен. Олардың табанды ізденісі мен жүйелі жұмысының арқасында ұлттық спорттың тынысы кеңейіп, тамырына қайтадан қан жүгіріп келеді.

Суреттер кейіпкерлердің жеке мұрағатынан

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің экономика және заң факультеттері бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:

«ІТ-кәсіпкерлік және цифрлық экономика» (информатика+математика), «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау» (физика+ математика), «Экономика» (докторантура бар), «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Цифрлық мемлекеттік басқару», «Маркетинг және SMM», «Логистика», «Мемлекеттік аудит», «Әлемдік экономика», «Кәсіпкерлік және жобаларды басқару» (геогра-

фия+математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география+шет тілі), «Құқықтану», «Халықаралық құқық», «Сот және прокурорлық қызмет», «Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу», «Қылмыстық кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және экономикалық қауіпсіздік», «Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету», «Бизнесті

зандық қамтамасыз ету», «Жеке құқық» (дүниежүзі тарихы+адам, қоғам, құқық). Мем.лицензия: KZ255LAM00009976, «ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті» 29.10.2025 ж. берген, тел.: 8 (7212)35-64-05, <https://buketov.edu.kz/>, priemka@ksu.kz

№237

KazTransOil		ЕСКЕРТУ	ХАЛЫҚТЫҢ КӘСПОРЫНДАРДЫҢ, ҰЙЫМДАРДЫҢ, ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА
«ҚазТрансОйл» АҚ Қарағанды және Ұлытау облыстарының аумағында «Павлодар-Шымкент», магистральды мұнай құбырлары, ТОБЖ байланыс желілері салынғанын, олар шақырмалық бағандармен және ескерту белгілермен белгіленгенін ескертеді. ҚР-ның «Магистральдық құбыр туралы» Заңына және Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін күзету ережелеріне сәйкес, келесі күзет аймақтары белгіленеді: - Мұнайды тасымалдайтын магистральды мұнай құбыры трассасы бойында – құбыр өсінің әрбір жағынан 50 метр жерден өтетін шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде; ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерде магистральдық құбырдың күзет аймағы құбыр өсінің әрбір жағынан 25 метр жерден өтетін шартты сызықтармен шектеледі; - бір техникалық дөлізде төселген көп желілі құбырлардың трассалары бойында – шеткі құбырлардың өстерінен 1) тармақшаммен қарастырылған қиылыстарда шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде; - суауы өткелдері бойында – өткелдердің шеткі желілері өстерінің әрбір жағынан 100 метрге кейін қалатын қатар жазықтықтар арасында орналасқан су бетінен түбіне дейінгі су кеністігі учаскесі түрінде; - өнімді авариялық шығаруға арналған жер қамбалары төңірегінде – аталған объектілер аумақтары шекарасынан барлық жаққа 50 метрге кейін қалатын тұйықталған сызықпен шектелген жер учаскесі түрінде; - бас және аралық айдау және құю сорғы станциялары, резервуар парктері, компрессорлық және газ тарту станциялары, өнім өлшеу тораптары, құю және қотару эстакадалары, газды жерасты сақтау станциялары, мұнайды, мұнай өнімдерін қыздыру пункттері төңірегінде – аталған объектілер аумақтарының шекараларынан барлық жаққа 100 метрге кейін қалатын, тұйықталған сызықпен шектелген жер учаскесі түрінде орнатылады; - орманы жоқ учаскелерде еліміздегілерден тыс орналасқан жерасты көбілдік және өзге байланыс желісі мен радиочағын – жерасты кабель трассасы немесе шеткі әуе желілері сындарының әрбір жағынан кемінде 2 метр қашықтықта орналасқан тікелей параллельмен белгіленетін осы желілері бойымен жер учаскесі түрінде. ҚР ЕЖ 3.05-101-2013 «МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРЛАР» СӘЙКЕС 10-НАН 150 МЕТРГЕ ДЕЙІН ЕН АЗ ҚАШЫҚТЫҚ ШЕТ БЕЛГІЛЕНЕДІ. ҚАУІПТІЗДІК-ТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МАҚСАТЫНДА ЕРЕЖЕЛЕР ЖІЯНТЫҒЫМЕН БЕД-ГІЛЕНГЕН ЕН АЗ ҚАШЫҚТЫҚ ШЕТІНДЕ МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРҒА ЖАТПАЙТЫН КЕЗ КЕЛГЕН ОБЪЕКТІЛЕРДІ САТУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ		ТЫҒЫМ САЛЫНАДЫ: - Құбырлардың күзетілетін аймақтарында құбырлардың қалыпты пайдаланылуына немесе олардың бұзылуына әсер ететін түрлі әрекеттерді жасауға тыйым салынады, соның ішінде: - тану белгілерін, бақылау-өлшеу пункттерін ауыстыруға, үюге және сындыруға; - кабель желілерінің қызмет көрсетпейтін күйге түсу пункттерінің қақпақтарын, қақпақтарын және есіктерін, желілік арматураның торап қоршауларын, қатолды және дренажды қорғау стансаларын, желілік және қарау құдықтары мен басқа желілік құрылғыларды ашуға, қрандар мен ысырмаларды ашып, жабуға, байланыс, энергиямен қамтамасыз ету және құбыр телемеханикасы құралдарын өшіруге; - түрлі қоқыс орындарын жасауға, қышқалдар, тұздар мен сілтілердің ертіңділерін төгуге; - жаға бекіту имараттарын, су өткізу құрылғыларын, құбырларды, байланыс желілерін бұзудан, ал жақын аумақ пен айналадағы жерді апаттық күйілу мен тасымалданатын өніммен қорғайтын жер және өзге имараттарды (құрылыстарды) бұзуға; - зәкірлерді суға тастауға, суға тасталған зәкірлермен, тізбектермен, сүйретпелермен және тралдармен өтуге, тереңдетіп қазу мен жерге батыру жұмыстарын жүргізуге; - от жағуға немесе ашық немесе жабық от қоздыру орналастыруға. Магистральды мұнай құбырларының күзетілетін аймақтарында «ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің жазбаша рұқсатынасыз: «ҚазТрансОйл» АҚ-пен орналасу жерін, құрылыс жүргізу, жайластыру және пайдалану тәртібін келіспей магистральды құбырдың және оның күзетілетін аймағы трассасының өткелдерін, топырақ жолдарын немесе өзге уақытша немесе тұрақты көлік қиылыстарын орналастыруға; - бақ өсіруге және ағаш өсіруге, сонымен қатар жартылай терендігі отыз бес сантиметрден аспайтын қыр ауыл шаруашылық дықалдарды өсіруге бағытталған агроэкономикалық жұмыстардан басқа, «ҚазТрансОйл» АҚ-пен келіспеген кәндәй да бір жұмыстарды орындауға; - магистральды құбырларға қызмет көрсетуге және оның физикалық қорғанысын қамтамасыз етуге арналған «ҚазТрансОйл» АҚ-пен орналастырылған жолдарды қалпына келтіруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген жағдайлардан басқа осы жолдар бойынша магистральды құбырларға өртке қарсы және күзет қызметтерін орындайтын қызметкерлердің қозғалысына кедергі жасауға; - кез келген құрылыстар мен ғимараттарды салуға; - автомобиль көлік құралдарының, тракторлар мен механизмдердің тұрақтарын ұйымдастыруға;	- мелиоративті жер жұмыстарын жүргізуге, жер суаратын және құрғататын жүйелерді салуға; «ҚазТрансОйл» АҚ-пен келіспей тау, құрылыс, жинақтау және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, топырақты тегістегуге; - ұңғымалардың, шұңғымалардың құрылыстарымен және топырақ (жер қырғысының үлгілерінен басқа) сынамаларын алумен байланысты геологиялық түсіру, геологиялық барлау, іздеу, геологиялық және басқа іздеу жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында құрылыс нормаларымен және ережелермен белгіленген минималды қашықтықтарда магистральды құбырларға жатпайтын кез келген объектілердің құрылысына тыйым салынады. Магистральды құбырлардың күзет аймақтарында кез келген жұмыстар мен әрекеттерді орындау қажет болған жағдайда, Кәсіпорындар, Ұйымдар және Азаматтар: «ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшелерінен «Магистральды құбырлардың күзетілетін аймақтарында жұмыстар жүргізуге» жазбаша рұқсат алуға міндетті. Жұмыстарды жүргізуге рұқсат жұмыстарды жүргізетін адамда жұмыс істеп тұрған құбырлар көрсетілген жобалау құжаттамасы бар болған жағдайда ғана берілуі мүмкін. - кем дегенде 5 тәулік бұрын «ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшесінің өкілін жұмыстарды жүргізу орнына шақыруға; - құбырлардың және тану белгілерінің сақталуын қамтамасыз ететін ережелерді сақтап, жұмыстарды орындауға міндетті. «ҚазТрансОйл» АҚ-ның құрылымдық бөлімшелері ҚР «Магистральдық құбыр туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін күзету ережелері, сондай-ақ «Күзетілетін аймақта жұмыстарды жүргізуге арналған рұқсатқа» көрсетілген талаптар бұзылып, орындайтын жұмыстарды тоқтатып қоюға құқылы. ҚР «Магистральдық құбыр туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін күзету ережелері және ҚР ЕЖ 3.05-101-2013 «Магистральды құбырлар» жергілікті билік пен басқару органдарымен, сондай-ақ басқа да кәсіпорындармен, ұйымдармен (меншік түріне қатыссыз) және құбырлар өтетін аумақта жұмыстар немесе қандайда бір әрекеттер жүргізетін азаматтармен орындау үшін міндетті болып табылады. Заң, Кодекстер, Ережелер мен ҚР КЕ талаптарын бұзушылықтарға кінәлі лауазымды тұлғалар мен азаматтар белгіленген тәртіпте жауапкершілікке тарталады. Жоғарыда айтылған барлық мәселелер бойынша мына мекенжайға хабарласу қажет:

№181

«ҚазТрансОйл» АҚ Қарағанды мұнай құбыры басқармасы
100026, Қарағанды қ., Гапеев көш., 4/3 Тел: 8 (7172) 55-52-57 – БДБ №7 техникалық учаскесінің диспетчері; 8 (71030) 2-60-95 – «Атасу» БМАС-тың операторы, 8 (7212) 98-22-41 – Қарағанды МҚБ бастығының қабылдау бөлмесі.

Қарағанды облысының Шахтинск қалалық сотында Зинаида Сергеевна Журавлеваның арзызы бойынша 1956 жылғы 26 қарашада туған, Қарағанды облысының тумасы Сергей Дмитриевич Перфильевті қайтыс болды деп жариялау туралы азаматтық іс қозғалды. Сергей Дмитриевич Перфильевтің жүрген жері туралы қандай да бір мәліметі бар адамдардан осы хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай ішінде сотқа хабарлауды сұраймыз. Соттың мекенжайы: Шахтинск қаласы, 40 лет Победы көшесі, 48В үй. Телефон: 8 (72156) 5-00-32.

№248

Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

43-21-55

Жарнама
бөлімінің
байланыс
телефоны

• КЕШ

Саябақтағы сезім серенадасы

Тамыздың тамылжыған мақпал кешінде Орталық саябақ сырлы да сұлу сезімнің мекеніне айналды. Кеншілер шаһарынан қанат қағып, Елорда төрінде шығармашылық өрісін кеңейткен қаламгерлер – ерлі-зайыпты Мирас Асан мен Жадыра Байбұланованың «Сезім серенадасы» атты әдеби-сазды кеші өтті.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды қаласы әкімдігі мен Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының ұйытқы болуымен екінші мәрте жалауын көтерген бұл жоба әдебиетсүйер қауымды тағы бір мәрте рухани сусындатты. Әсем әуен мен мөлдір поэзия тоғысқан кеште қос ақын жастық шақтарының куәсі болған сүйікті қаласында жүрек-жарды жырларын оқып, көрерменге естен кетпес әсер сыйлады. Жанды дауыстағы аспаптық музыка мен көркемсөздің үйлесімі кештің шырайын келтіре түсті.

– Өздерінің жыры мен сыры егіз өрілген қос ақынның шығармашылығы оқырманға бұрыннан таныс. Қарағандының қалаң елі қашан да қара өленнің қадірін терең ұғына білген. Бүгінгі кеште жауһар жырға жанымыз жылынып, «Сезім серенадасының» әсем ырағына елітіп, поэзияның тұңғығынан қанып іштік. Бұл тағалымды жоба алдағы уақытта да өз жалғасын табады, – деді Қазақстан Жазушылар одағының Қарағанды облыстық филиалының төрағасы, ақын Жанат Жаңқашұлы.

Өз кезегінде туған қалаға деген ыстық ықыласы мен сағынышын

жасырмаған ақын Мирас Асан да жүрекжарды лебізін білдірді.

– Қадамымызды нықтаған, қаламымызды жұптаған қасиетті Қарағанды біз үшін қашан да қастерлі һәм қымбат. Біздің жастық жалынмыздың куәсі болған қалаға келген сайын, әр көшесінен өткен сайын санамызда тәтті естеліктер жаңғырады. Талай ардақты ағаларымызды алқалап, тәлімін бойымызға сіңірдік. Талай дос-жарандарымызбен үзетін қағысып, бірге думандатып жүрдік. Сол себепті де, қазыналы Қарағандымызға алғыстан басқа айтарымыз жоқ, – деді ақын.

Кештің ең бір толқынысты да тебірентер сәті – Мирас Асанның сиясы кеппеген жаңа «Қарағандым-ай» туындысы. Туған жерге, оның асыл перзенттеріне арналған бұл жыр жолдарында өңіріміздің о дүниелік болған тұғырлы тұлғалары – Мағауия Сембай, Оралбек Жүнсұлы сияқты ардақты ағалар, Қайрат Асқар, Сейіл Аяғандай ақкөйлек азаматтар мен Сәттібайдай иық тірескен достардың жарқын бейнелері дестеленген.

Көркемсөзді кие тұтқан қала тұрғындары үшін бұл кеш рухани мерекеге айналғаны хақ. Поэзияға сусаған көрерменнің мейірі қанып, тамаша әсермен тарқасты.

Сурет ұйымдастырушылардан

Батыр көшесінде кітапхана ашылды

Қарағандының Оңтүстік-Шығысындағы жаңа шағынаудан тағы бір мәдени нысанмен толықты. 10 тамыз – қазақтың ұлы ақыны, ойшылы әрі ағартушысы Абай Құнанбайұлының туған күніне орай мұнда Бауыржан Момышұлы атындағы кітапхана ашылды. Мәдени нысан Қарағанды қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесінің құрамында.

Аида РАХЫМҚҰЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ашылу салтанатына орай Абай шығармашылығына, қазақ әдебиетіне, қазақстандық қаламгерлердің еңбектеріне, сондай-ақ, классикалық және заманауи әдебиетке арналған кітап көрмелері ұйымдастырылды. Бұдан бөлек, Бауыржан Момышұлының өмірі мен шығармашылығына арналған арнайы әдеби топтамалар әзірленді.

Кітапхана қоры жаңа басылымдармен қатар Орталықтандырылған кітапхана жүйесінің басқа филиалдарынан берілген әдебиеттер есебінен жасакталған. Мұнда көркем және тарихи шығармалар, танымдық, балалар әдебиеті мен мектеп оқушыларына қажетті оқу құралдарына дейін бар. Оқырмандарға кітаптар қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады.

– Ұзақ уақыттан кейін жаңа кітапхана ашылып отыр. Бұл – рухани және ұлттық құндылықтарды насихат-



таудағы маңызды қадам. Жаңа мәдени ошақ оқырмандарға сапалы кітап қорын ұсынып қана қоймай, жастардың білімге, әдебиетке және тарихқа деген қызығушылығын арттыруға ықпал етеді, – дейді Орталықтандырылған кітапхана жүйесі дирек-

торының орынбасары Қызғалдақ Құрмашева.

Жаңа кітапхананың бір ерекшелігі – оның тек кітап оқитын дәстүрлі орын ретінде шектелмей, тұрғындардың басын қоса-

Абай күніне орай ашылған кітапхананың алғашқы қонақтары да кітап әлемімен жақынырақ танысып, жаңа мәдени кеңістіктің мүмкіндіктерін көрді.

Бауыржан Момышұлы кө-

Сурет қалалық әкімдіктен

• КӨРМЕ

Ұлы Дала тынысы

Ұлы Даланың төсінде еркіндікпен қатар ұғым болып қалыптасқан жылқы бейнесі қазақтың тарихи жадында айрықша орын алады. Тұлпарды тек көшпелі тіршіліктің серігі емес, азаттықтың, қозғалыстың және кең даланың символы ретінде танытатын осы тақырып қарағандылық суретшілердің шығармашылығына арқау болды. «Алтын ғасыр» галереясында ашылатын «KEN DALA» көрмесі көрерменге Ұлы Даланың тынысын заманауи өнер тілімен сезінуге мүмкіндік береді.

Аида РАХЫМҚҰЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«KEN DALA» аталған көрме Ұлы Дала кеңістігіндегі жылқы бейнесі мен оның

адам өміріндегі айрықша орнына арналған. Экспозицияда суретшілер жылқыны оның табиғи ортасымен ұлан-ғайыр дала төсінде, самал жел тербеген көкорай арасында, көкжиекпен астасқан

кеңістікте бейнелейді.

Көрменің атауының өзі де мазмұнымен үндес. «KEN DALA» – тек географиялық кеңістікті білдіретін ұғым емес, қазақтың тарихи жадын, табиғатпен етене тіршілігін, еркіндікке ұмтылған болмысын қамтитын кең мағыналы түсінік.

Қарағандылық суретшілер Ұлы Даланы әртүрлі көркемдік шешім арқылы зерделейді. Бірі табиғаттың тынысын алға шығарса, бірі жылқы мен адамның байланысына назар аударады. Осылайша көрермен бір экспозиция

аясында даланың бірнеше қырын тамашалай алады.

Өнер арқылы туған жердің табиғатын, ұлттық болмысты және тарихи жадыны қайта зерделеу – көрменің негізгі өзегі. Ал, жылқы бейнесі осы ұғымдардың барлығын бір арнаға тоғыстырып тұр.

Көрме 14 тамызда ашылып, 4 қыркүйекке дейін жалғасады. Қарағандылықтар мен қала қонақтары Ұлы Даланың кең тынысын суретшілер көзімен тамашалап, жылқы бейнесі арқылы ұлттық болмыстың тереңіне үңіле алады.

Оқумен өрілген ғұмыр

Қарағанды облысының Бұқар жырау ауданына қарасты Доскей ауылында том-том кітап оқып, сөзжұмбақ шешуде алдына жан салмайтын қария тұрады. 90 жастағы Қабыкен Жотабаев әлі күнгі көзілдіріксіз түрлі туындыларды оқып, газеттен қол үзбей келеді.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қабыкен Жотабаев кітапты санынан сәулесі, жүрек пен ақылдың азығы деп біледі. Жастайынан түрлі тарихи туындылармен танысып, мындаған кітапты оқып шыққан. Бүгінде Доскей ауылы кітапханасының ең егде жастағы оқырманы.

– Оқу күйзелісті төмендетеді, ұйқысыздықтан емдеп, есте сақтау қабілетін нығайтады. Кітап деген – бұлақ. Кітаппен білімді көркейтесің. Кітаппен ойың сергиді. Кітап адамның денсаулығына болсын, көңіл күйіне болсын, адамның ой өрісіне болсын мол әсер береді. Кітап ақыл-кеңес беріп, жол сілтеп отырады, – деді зейнеткер.

Қария Доскей ауылынан аудан орталығындағы кітапханаға да автобуспен қатынап, тың туындыларды іздеп жүріп оқиды. Ол оқыған туындысын кітапханашылармен талқылауды да дағдыға айналдырған.

– Қабыкен Жотабаев ағамыз – біздің белсенді оқырманымыз. Қай жерде қай кітап орналасқан, бәрін біледі. Өзі қарап жүріп, таңдайды.



Кітап оқуы – жастарға үлгі. Кітапханамыздың ең егде жастағы оқырманы 1936 жылы дүниеге келіпті. Өмірлік тәжірибемен де, кітаптағы сөзмен де пайым жасаған ағамызды құрметтейміз, – деді Доскей ауылдық кітапханасының кітапханашы Сәбина Божанова.

Қабыкен Жотабаев бала күнінен сөзжұмбақ шешеді. 90 жастағы қария әлі де сол әдеттен танбай келеді. Тіпті, кейбір газеттегі сөзжұмбақтың құрастырылуы мен

КІТАП
ОҚИТЫН ҰЛТ

жауабындағы қателерді тауып, сан мәрте редакцияға жолдаған.

Зейнеткер қызы Сәуле Қабыкенқызы әкесі түзі бойы сөзжұмбақ шешіп, таң атыратынын айтты.

Қабыкен Жотабаев әлі талай кітапты оқып, көкейге түйгенін немере-шөберелерімен бөлісуді көздейді. Осы арқылы жас буынға «Бар білім – кітапта» деген ұстанымды үйретсем деген арманы бар.

Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Бүгіннің рухани бағдары

10 тамыз – Қазақстанда 2020 жылдан бері мемлекеттік деңгейде Абай күні ретінде аталып келеді. Бұл күн – ұлы ойшылдың мол мұрасын ұлықтап қана қоймай, ұлттық руханияттың терең тамырын тануға, төл мәдениетіміз бен тарихи жадымыздың рухани құндылықтарын қайта саралап, ұлттық сананы, дүниетанымды және мәдени қодты жаңа қырынан бағамдайтын тағылымды күн.

Бұл – әрбір азаматтың өткенге тағзым етіп, бүгінгі қоғамның даму бағытын ой елегінен өткізіп, келешекке деген жауапкершілігін терең сезінетін ерекше сәт. Ұлы Абайдың шығармашылығы қазақ халқының ұлттық болмысын сақтауға, елдің бірлігі мен тұтастығын нығайтуға бағытталған асыл қазына болып табылады. Ақын өз дәуірінің өзекті мәселелерін көтеріп қана қоймай, білім мен ғылымға ұмтылуды, еңбекқорлықты, әділдік пен адамгершілікті насихаттау арқылы ұлттың рухани жаңғыруына жол ашты.

Абай күніне орай Орталық кітапханада сарбаздардың қатысуымен



«Артық білім – кітапта, ерінбей оқып көруге» атты зияткерлік ойын ұйымдастырылды. Танымдық шара барысында қатысушыларға ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығына қатысты мазмұнды сұрақтар қойылып, олардың білім деңгейі сыңға түсті. Сонымен қатар сарбаздар Абайдың өлеңдерін мәнерлеп оқып, ақын мұрасын терең түсінетіндіктерін көрсетті.

Іс-шара аясында қатысушылар Абай ауданы Мәдениет сарайы-

ның жанында ұйымдастырылған «Абай әлемі» көрмесін тамашалады. Көрмеде ақынның өмір жолы, шығармашылық мұрасы мен рухани құндылықтары туралы мол мағлұмат беріліп, келушілер қазақ әдебиетінің ұлы тұлғасының өнегелі өмірімен жақынырақ танысты.

Перизат ӘБІЛДИНА,
Абай аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры

Сурет автордан

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары

Станислав Альбертович ПЕСНЕВ

Директордың орынбасары

Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
А.Ә. СОВЕТ
Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Ұй.

Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJZKZXX БИН 000840001412

Тарапымы 3 284
№87 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев қ., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Аида РАХЫМҚҰЛ